



БІШКЕКТЕГІ САММИТ

2

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №106 (6668) 28 қараша, жұма, 2025 жыл. | www.aqshamnews.kz



12+

ӘКІМ

ЖАЙЛЫ ҚАЛАЛЫҚ ОРТА

Дархан Сатыбалды Пушкин көшесінің жобасымен танысты



Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды Райымбек батыр даңғылынан Гоголь көшесіне дейінгі Пушкин көшесі бойындағы аумақты қайта жаңарту жұмыстарымен танысты. Жоба қаланың орталық бөлігін кешенді көріктендіру бағдарламасы аясында жүзеге асып жатыр. Сондай-ақ, бұл жоба жайлы да қауіпсіз қалалық орта қалыптастыруға бағытталған.

Қалалық қоғамдық кеңістіктерді дамыту басқармасының мәліметінше, қайта жаңғырту 6,5 гектар аумақты қамтиды, жүргінші мен көлік инфрақұрылымын кешенді жаңартуды көздейді. 1,1 шақырым аумақта көгалдандыру, жарық тіректерін орнату, су бұру жүйелерін салу жұмысы жүргізілуде. Сонымен қатар, іргелес үйлердің қасбеттері жөнделіп, Райымбек батыр ескерткіші қалпына келтіріліп жатыр. Келесі жылы осы аумақта су айдынын қалыптастыру және қосымша көгалдандыру жоспарланған. Жүргіншілерге ыңғайлы тротуарлар, қауіпсіз жүргінші аймақтары және заманауи көркейту элементтерін жасауға ерекше көңіл бөлінген.

Дархан Сатыбалды жұмыстың сапалы орында луының маңызын атап өтіп, жобаның жайлы қалалық ортаның бірыңғай тұжырымдамасына сай болуы қажеттігін айтты. Жобаны жүзеге асыру жүргіншілер үшін қолайлы жағдай жасап, қаланың сыртқы келбетін жақсартуға, сондай-ақ тұрғындар мен қала қонақтары үшін тартымды, үйлесімді кеңістік қалыптастыруға мүмкіндік береді.

ФУТБОЛ

ДАСТАН мен ОЛЖАС

чемпиондар лигасында гол соқты!

УЕФА Чемпиондар лигасының топтық кезеңі аясында «Қайрат» футбол клубының кезекті ойыны Дания астанасында өтті. Алматылық команда «Копенгагенмен» кездесіп, үш ұпайды сарапқа салды.



Досбол АТАЖАН



Дания мен Қазақстанның қазіргі чемпиондары арасындағы ойын тартысты өтті. Алаң қожайындары допқа көбірек иелік етіп, басымдылық көрсеткенімен, еурожарыста тәжірибе жинап қалған «Қайрат» ойыншылары да батыл қарымта шабуылдар ұйымдастырды. Әсіресе, қазақстандық қақпашы Темірлан Анарбеков әдеттегідей керемет сейвтерімен ерекше көзге түсті. Дегенмен, кездесудің 26-минутында «Қайрат» қорғанысы Виктор Дадасонды тоқтата алған жоқ. «Копенгаген» ойыншысы дәл соққымен командасын алға шығарды. Бұдан кейін бірінші таймда есеп өзгермеді.


Ойынның екінші жартысында командалар ойыны айтарлықтай ауысқан жоқ. Алайда, 59-минутта VAR бейнеқайталау жүйесінің тексерісінен төреші қонақтардың қақпасына айып добын тағайындады. Оған айып алаңында Дамир Қасабұлаттың қолы

допқа тиіп кетуі себеп болды. Нәтижесінде Джордан Ларссон 11 метрлік допты мінсіз орындап, есепті еселеді. Ал 73-минутта Винисиус Роберт «Копенгаген» үшін ойындағы үшінші голды соқты. 3:0 есебіне көңілі түскен қазақ жанкүйерлерін 81-минутта Дастан Сәтпаев бір серпілтіп тастады. Ол даниялық команданың қақпашысы Доминик Котарскиден допты тартып алып, Чемпиондар лигасындағы алғашқы голын соқты. Ал 90-минутта «Қайраттың» тағы бір түлегі – 20 жастағы Олжас Байбек командаластарымен пас алмасып, Котарски қақпасына дәл соққы

жасады. Есеп – 3:2. Соңғы минуттарда алматылықтар барынша камбэк жасауға тырысқанымен, алаң қожайындары басқа қателік жасаған жоқ. Ойын «Копенгаген» пайдасына шешілді.

Айта кеткен жөн, Дастан Сәтпаевтың «Копенгагенге» соққан голы оның УЕФА Чемпиондар лигасында гол соққан ең жас ойыншылардың үздік үштігіне енуіне мүмкіндік берді. Одан бөлек, Дастан Сәтпаев Чемпиондар лигасының топтық кезеңінде гол соққан алғашқы қазақстандық ойыншы, ал Олжас Байбек екінші қазақстандық ойыншы атанды.

БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:



www.aqshamnews.kz





БІШКЕКТЕГІ САММИТ

Мемлекет басшысы Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің отырысына қатысты



27 қарашада Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Бішкекте өтіп жатқан Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымы Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің кезекті отырысына қатысты.

Саммитке Қырғыз Республикасының Президенті Садыр Жапаров, Беларусь Республикасының Президенті Александр Лукашенко, Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путин, Тәжікстан Республикасының Президенті Эмомали Рахмон қатысты.

Мемлекет басшысының Қырғыз Республикасындағы сапары 26 қарашада басталған болатын. Саммит қарсаңында мемлекеттер басшылары «Ала-Арча» резиденциясында бейресми кездесу өткізді. Бұл кездесуде резиденциядағы «Қырғыз айылы» этнографиялық кешенінде мәртебелі меймандарға қырғыз халқының тұрмыс-салты мен мәдениеті таныстырылды.

Ал ҰҚШҰ Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің кезекті саммиті кеше, 27 қараша «Ынтымак Ордо» резиденциясында өтті. Ұйымға мүше елдердің басшылары алдымен Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің шағын құрамдағы отырысында бас қосты. Онда тараптар халықаралық және өңірлік қауіпсіздіктің өзекті мәселелері жөнінде пікір алмасты. Оның соңынан ҰҚШҰ Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің кеңейтілген отырысы өтті.

Мемлекеттер басшылары отырыс барысында Ұйымға мүше елдердің

ұжымдық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің өзекті мәселелерін қарастырып, биылғы ҰҚШҰ жұмысының негізгі бағыттарын қорытындылады. Сондай-ақ, алдағы кезеңге арналған басымдықтарды анықтады.

Бішкектегі саммитте ҰҚШҰ Бас хатшысы ауысты. Айталық, 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап ҰҚШҰ Бас хатшысы қыз-

метіне үш жыл мерзімге Қырғыз Республикасының өкілі Таалатбек Масадыковты тағайындау туралы шешім бекітілді. Президенттер ҰҚШҰ Бас хатшысы лауазымындағы қызметін аяқтап жатқан Иманғали Тасмағамбетовке алғыс айтты.

Отырыс қорытындысы бойынша Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің деклара-

циясы қабылданды. Сондай-ақ, Ұйымға мүше мемлекеттердің мүддесіне сай ұжымдық қауіпсіздік жүйесін жан-жақты жетілдіруге бағытталған бірқатар құжатқа қол қойылды.

Мемлекеттер басшылары халықаралық және өңірлік қауіпсіздіктің өзекті мәселелері жөнінде пікір алмасты.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

«ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ»

10 ЖЫЛДЫҚ ӘРІПТЕСТІК

Қоғамдық кеңестердің қызметі талқыланды

Алматыда мемлекеттік органдар, академиялық қауымдастық және үкіметтік емес ұйымдар өкілдерінің қатысуымен «10 жылдық әріптестік: азаматтық қоғамды дамытудағы қоғамдық кеңестердің рөлі» атты «Дөңгелек үстел» өтті. Іс-шара қоғамдық кеңестердің қызметі және азаматтық қоғаммен әріптестікті дамыту мәселелеріне арналды.



Дана
САДЫРҚАН

Жиынға Азия Ғылым академиясының академигі әрі вице-президенті Серік Сейдуманов, «Тұран» университетінің ректоры Рахман Алшанов, қоғамдық кеңестер мен түрлі қорлардың жетекшілері, соның ішінде «Ақпараттық-ресурстық орталық» Қоғамдық қорының директоры Алтынай Көбеева қатысты. Сондай-ақ, іс-шараға Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің төрт шақырылымының қазіргі және бұрынғы мүшелері шақырылды. Бұл жиын азаматтық қоғам институттарының дамуына үлес қосып жүрген сарапшылардың, тәжірибелі кеңес мүшелерінің өзара пікір алмасуына мүмкіндік берді.

«Дөңгелек үстел» барысында қатысушылар мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғам арасындағы өзара іс-қимыл тәжірибесіне тоқталды. Қоғамдық кеңестердің

тұрғындармен тиімді кері байланыс орнатудағы, әлеуметтік топтар арасындағы сенімді арттырудағы және әлеуметтік маңызы бар бастамаларды қолдаудағы маңызы кеңінен талқыланды.

Алматы қаласы Ішкі саясат басқармасының басшысы Айдар Есенбековтің айтуынша, жергілікті деңгейде шешім қабылдау процесіне азаматтарды тарту – ашықтықты қамтамасыз етудің және билікке деген сенімді күшейтудің негізгі тетігі.

– 2015 жылы 2 қарашада қабылданған «Қоғамдық кеңестер» туралы заңға сәйкес кеңестер барлық өңірде құрылып, 2016 жылы өз қызметін бастады. Бүгінде елімізде 263 қоғамдық кеңес жұмыс істейді. Бұл өз кезегінде кеңестердің еліміздің қоғамдық-саяси өмірінің ажырамас бөлігіне айналған маңызды институт болып қалыптасқанын дәлелдейді, – деді басқарма басшысы.

Жиында Алматы қаласының қоғамдық кеңестері қалыптастырған он жылдық тәжірибеге баса назар аударылды. Осы уақыт ішінде кеңестер қала өміріне қатысты өзекті мәселелерді көтеріп, мемлекеттік құрылымдармен бірлесе отырып олардың шешімін табуға ықпал етті. Үкіметтік емес ұйымдарды қолдау, жастарды және қоғам белсенділерін тарту, билік пен қоғам арасында ашық диалог алаңдарын құру сынды бастамалар табысты жүзеге асырылып келеді.

– Өткен 10 жыл ішінде қоғамдық кеңестер институты мемлекет пен қоғам арасындағы өзара қарым-қатынас

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Рахман АЛШАНОВ,
«Тұран» университетінің ректоры, профессор,
Қазақстан ЖОО қауымдастығының президенті:

Азаматтар үшін үлкен мектеп болды

Біздің қаламыз – елдегі ең ірі әрі тез дамып келе жатқан мегаполис. Мұндай қалада өсу қарқынының әркелкілігі, реттеуші құжаттардың дер кезінде қабылданбауы және жылдар бойы жиналған тұрғындардың шағымын тудырған мәселелер аз емес. Алғашқы шешілетін мәселенің бірі – тұрындардың шағымын тудырған КСК-лардың жұмысы болды. Кеңеске КСК бойынша 100-ден аса өтініш келіп түсті. Екінші сынақ – елдің ұлттық батыры, Олимпиада жүлдегері Денис Теннің қаза болуы еді. Қоғамдық кеңес арнайы отырыс өткізіп, Қазақстанның құқық қорғау жүйесін реформалау бойынша ұсыныстар әзірледі.

Тағы бір резонансты мәселе – «BEK Air» әуе компаниясы ұшағының апатқа ұшырауы. Қайтыс болғандардың ішінде қоғам қайраткері, генерал Рүстем Хайдаров та болды. Қоғамдық тыңдаулар барысында әуежайдың заңсыз құрылысқа берілгені, рұқсат құжаттары заңға қарамастан оңды-солды таратылғаны, прокуратураның немқұрайлылық танытқаны анықталды. Барлық ұсыныс тиісті мемлекеттік органдарға жолданды. Алматы қаласы Қоғамдық кеңесі қаланың қоғамдық өмірінде лайықты орын алды және азаматтар үшін үлкен мектеп болды.



жүйесінде ерекше орын алды. Ең маңыздысы, біз қоғамдық бақылау институтын нығайтып, тиімді қоғамдық пікірталас тетігін қалыптастырдық. Бүгінде қоғамдық кеңестер – ресми құрылым емес, мемлекет пен қоғам арасындағы нақты серіктестік алаңы. Өз жұмысымыз барысында біз құрылыс пен көлік, инклюзия және мәдени мұраны сақтау, тамақтану, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, қоғамдық тәртіп, шағын бизнесті қолдау секілді қаланың ең өзекті және маңызды мәселелерін қамтыдық. Қуантатыны – біздің бастамаларымыз бойынша қабылданған ұсыныстардың үлесі айтарлықтай артып, қалалық билікпен өзара әрекет нақты нәтижеге бағыттылған нәтижеге жетті, – деді «Ақпараттық-ресурстық орталық» КҚ директоры Алтынай Көбеева.

Іс-шара қоғамдық кеңестердің тиімді үлгілерін тартуға, мемлекеттік құрылымдар мен азаматтық қоғам арасындағы әріптестіктің жаңа тәсілдерін талқылауға арналған маңызды платформа болды. Соның ішінде азаматтық қоғам институттарының рөлін күшейтіп, билік пен қоғам арасындағы конструктивті диалогты одан әрі жетілдіруге жол ашты.



САРАПТАМА

МӘЖІЛІС ДЕПУТАТТАРЫ

қарашада қандай мәселелер көтерді?



(Дереккөз: akorda.kz)

Басым көп сауал
Бектеновке жолданған

2025 жылы 1–25 қараша аралығында 19 депутаттық сауал жолданған. Оның басым көпшілігін «AMANAT» партиясы фракциясының депутаттары жолдаған. Білік партиясының өкілдері бір ай ішінде 7 сауалға бастамашы болды. «Ақ жол» 3 сауал жолдаған. Ал «ҚХП» 2 сауал жолдаса, ал өзге фракциялар тек бір сауалға бастамашы болды. Көріп отырғанымыздай, Мәжіліс құрамында ауқымды орынды алатын «AMANAT» фракциясы жаңа қараша айында да өзінің бастамашы орынын ұстап қалған.

Фракциялар	Сауалдар саны (19)
«AMANAT»	7
«Ақ жол»	3
«ҚХП»	2
«Ауыл»	1
«ЖСДП»	1
«Respublica»	1
Бір мандатты округтер бойынша сайланғандар және бірлескен сауалдар	4

Сауалдар жолданған адресат бойынша талдайтын болсақ, басым көпшілігі ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновке жолданғанын көреміз. ҚР Бас прокуроры Берік Асыллов пен Премьер-министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғаринге 2 сауалдан бағытталған. Ал Р.Скляр, Ж.Мәдиев, С.Жақыпова және А.Сапаравқа әрқайсысына бір сауалдан жолданған.

Фракциялар	Сауалдар саны (19)
О.Бектенов (Премьер-министр)	11
Б.Асыллов (Бас прокурор)	2
С.Жұманғарин (Премьер-министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі)	2
Р.Скляр (Премьер-министрдің бірінші орынбасары)	1
«ЖСДП»	1
Ж.Мәдиев (Премьер-министрдің орынбасары – жасанды интеллект және цифрлық даму министрі)	1
С.Жақыпова (Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі)	1
А.Сапаров (Ауыл шаруашылығы министрі)	1

Фракциялар қандай
мәселе көтерді?

Қараша айында Мәжілістегі фракциялар түрлі сала бойынша мәселе көтерді. «AMANAT» және «Ақ жол» партиясы сауалдардың әралуандылығымен ерекшеленген.

Білік партиясы әдеттегідей барлық мәселелерді қамтуға тырысса, ақжолдықтар кәсіпкерлердің мүддесін қорғаған. Фракциялар қандай мәселе көтергені туралы толығырақ ақпарат төмендегі кестеде көрсетілген. Айта кетейік, кесте

Мәжілістің ресми сайтындағы ақпаратқа сүйеніп дайындалды.

Фракциялар	Мәселенің сипаты
«AMANAT»	Материалдық мәдени емес мұраны қорғау, көші-қон, жер, тауар өндірушілердің бірыңғай тізілімін ретке келтіру
«Ақ жол»	Солтүстік өңірлерге қоныс аудары және бейімделу бағдарламасы, салмағы ауыр техниканың қозғалысы туралы, Астана және Алматы қалаларындағы ақылы тұрақ мәселесі
«ҚХП»	Өңдеу өнеркәсібін қолдау, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға цифрлық ресурстарды қолданудағы тәуекелдер
«Ауыл»	Балық саласын ретке келтіру
«ЖСДП»	Әйелдерге бала күтіміне байланысты жұмыс уақытын қысқарту
«Respublica»	Мұражайларды қолдау

Фракциялар мен жекелеген депутаттардың көтерген мәселелерін өзекті немесе өзекті емес деп бөлуге болмайды. Бәрі де халықтың көтерген мәселелері. Дегенмен, олардың ішінде азаматтық қоғам мен қоғамдық пікір мән беруі тиіс мәселелер бар. Ендеше солардың кейбіріне тоқталсақ.

«AMANAT» ұсынған жобаға
Үкімет қарсы

19 қарашада «AMANAT» партиясы Фракциясының депутаттары А.Аймағамбетов, Ә.Мүтәлі, Е.Әбіл, К.Бексұлтанов, А.Мысырәлімова, Г.Нұрым, Н.Сәрсенғалиев, Е.Сатыбалды, Ү.Шапақ қазақтың материалдық емес, мәдени мұрасын қорғау туралы бастама көтеріп, Үкімет басшысы Олжас Бектеновке депутаттық сауал жолдады. Оны «Respublica» партиясы Фракциясының депутаты Е.Смолякова және Бірмандатты сайлау учаскесінен сайланған А.Құспан қолдаған.

Депутаттардың сөзінше, олар «Материалдық емес, мәдени мұраны қорғау туралы» арнайы заң жобасын әзірлеген. Алайда, Үкімет: «Мұндай заң қажет емес, барлығы «Мәдениет туралы» заңмен реттелген», – деп жобаға теріс қорытынды берген. Мәжіліс депутаттары Үкіметтің бұл көзқарасын бюрократиялық формализмнің көрінісі деп бағалап отыр. Халық қалаулыларының пікірінше, «Мәдениет туралы» заң бұл мәселені шешеді деу, мектептегі дене шынықтыру сабағын өткізу Ұлттық олимпиада құрамасын Олимпиадаға дайындауға жеткілікті дегенмен бірдей ұстаным.

Сауалға бастамашы болған «AMANAT» партиясы фракциясының депутаттары қолданыстағы заң материалдық емес, мәдени мұраны толық қорғауға

арналмаған. Себебі, «Мәдениет туралы» заңда ұлттық құндылықтарды жеткізушілер құқықтық тұрғыда ескерілмеген. Қобызшы, зергер, жырау, бүркітші секілді маман иелері заңнан тыс қалған. «Мәдени мұраның тасымалдаушысы» деген ұғым заңда мүлдем жоқ.

«Аманаттықтар» егер бүгін соңғы жырау немесе киіз басудың ерекше техникасын білетін соңғы шебер дүниеден өтсе, бұл білім мәңгілікке жоғалады деп есептейді. Сондықтан ұлттық мұраны сақтап, жеткізуге бағытталған нақты тетік енгізу қажет екенін айтып, дабыл қағуда. Ал оны қаржыландыру секілді тетіктер қазіргі заңда қарастырылмаған.

Депутаттар халықаралық тәжірибені де зерттеген. Олардың сөзіне қарағанда, Оңтүстік Корея, Жапония мәдени мұраны тасымалдаушы азаматтарды құқықтық тұрғыда бекітіп, оларға «Тірі ұлттық қазына» мәртебесін беріп, мемлекеттік стипендия төлейді. Өзбекстанда мұра тасымалдаушыларына тұрақты жәрдемақы беріледі. Қытай, Қырғызстан, Әзербайжан және Ресейде арнайы заң қабылданған.

Жетекші партия мен Үкіметтің осы заң жобасына қатысты көзқарасы бір болмауы көпшілік үшін жаңалық болуы мүмкін. Алайда, мұндай көзқарас әралуандылығы таңқалатындай жағдай емес. Әр тарап өз көзқарасын дәлелдеп, заңның аясында дискуссия құруда. Енді Үкіметтің жауабын күту қажет.

«ЖСДП» әйелдердің
құқығын қорғамақ

Қоғамда және әлеуметтік желіде қызу талқыланған тағы бір сауалға «ЖСДП» фракциясы көтерген мәселені жатқызуға болады. Ол жұмыс істеп, әрі балаға қарайтын әйелдерге жұмыс уақытын қысқарту бастамасы. Бұл депутаттық сауал да 19 қарашада жолданып, Олжас Бектеновке бағытталған. Фракция депутаттарын А.Мысырәлімова, Е.Смолякова және Г.Нұрым секілді халық қалаулылары қолдаған.

Депутаттар өз сауалында мынадай мәлімет келтіреді. Зерттеулер бойынша елімізде әйелдер күніне 480 минут ақы төленетін және 246 минут ақы төленбейтін отбасыдағы шаруалармен айналысады. Оның ішінде бала күтімі, үй шаруашылығы бар.

Сондай-ақ, сауалда халықаралық тәжірибе де ескерілген. Исландия, Ұлыбритания, Франция және Испанияда апталық жұмыс нормасын азайту, әйелдердің денсаулығына жағымды әсер еткен екен. Сондықтан фракция депутаттары жұмысына қосымша бала күтімімен, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға қараумен айналысатын әйелдерге апталық жұмыс нормасын азайтуды ұсынып отыр.

Пердехан ШӘМШИЕВ,
сарапшы.



МЕГАПОЛИС

БАС ЖОСПАРДЫҢ БАСТЫ ТАЛАБЫ

таулы аймақта құрылысқа тыйым салынды

Алматыда жаңартылған Бас жоспарды енгізу бойынша жұмыс қарқын алып, құрылысқа бақылау күшейтілді. Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында қала әкімінің орынбасары Бейбіт Шаханов қала құрылысына қатысты бірқатар стратегиялық бастамаларды жариялады. Оның айтуынша, барлық шешімдер Қала құрылысы кеңесі мен мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы арқылы іске асырылады.

 Ернұр РЫСБАЙ

Кеңестің 2022–2025 жылдары қараған 395 жобасының тек 47,8%-ы ғана мақұлданып, талап күшейгені байқалады. Биылдың өзінде 1300-ден астам тексеру жүргізіліп, 350 млн. теңге айыппұл салынған. Бес компания лицензиясынан айырылып, екі ұйымның аккредитациясы тоқтатылды.

Хайуанаттар бағы жаңартылады

Қала әкімдігі Алматы зообағын толық жаңғыртуға кірісті. Қоршаулар мен инфрақұрылымның тозғаны, қызмет сапасының төмендегені ескерілгелі, жануарларға арналған табиғи аймақтар салу жоспарланды. Жобалау кезінде Еуропа мен Ресейден келген зооархитекторлардың ұсыныстары ескеріліп, әлемдік стандарттарға сай вольерлер құрастырылмақ. Қазір 10 жер телімін сатып алу басталып, жобалық-сметалық



құжаттама әзірленуде. Б.Шахановтың айтуынша, келесі жылы құжаттар аяқталып, зообақты ауқымды жаңғырту жұмыстары басталады.

Таулы аймақта құрылыс салу шектеледі

Жаңартылған Бас жоспардың басты қағидаты – табиғи кеңістікті қорғау. Алматының таулы беткейлеріне көпқабатты үй мен нүктелі құрылыс салуға тыйым салынды. 29 қазанда қалалық мәслихат биіктікке шектеуді, бизнес-орталықтар тұрғызуға тыйымды бекітті.

Бұрын берілген рұқсаттар күшінде қалады. Б.Шахановтың айтуынша, қала құрамына өткен 29 жаңа шағынауданның инфрақұрылымы әлсіз болғандықтан, тау бөктерінде бақылаусыз құрылысқа шектеу қажет болды.

Метро мен LRT

Жаңартылған Бас жоспар көліктік интеграцияны күшейтуге бағытталған. Метро – жоғары жылдамдықты негізгі жүйе, LRT – аудандарды жалғайтын орта жылдамдықтағы желі болмақ. Метро, LRT, теміржол және әуежай біртұтас жүйеге біріктіріледі. «Шығыс»,

«Батыс» және «Солтүстік» бағыттарында ірі көлік тораптары дамып, жаңа іскерлік орталықтар пайда болады.

«Екі ядролы» қала

Қалада рекреациялық аймақ жетпейтіні көптен бері көтеріліп келе жатқан мәселе. Қажетті 2315 гектардың орнына бүгінде 1215 гектар ғана бар. Бас жоспардың негізінде 2030 жылға дейін жаңа саябақтар салынып, тапшылық толығымен жойылады. Ал 2040 жылға қарай жасыл аймақ қосымша 500 гектарға артады. Сонымен бірге, өндіріс орындарын арнайы аймақтарға көшіру жұмысы басталады. Агломерациялық даму аясында Алматы мен Ала-тау болашақ «екі ядроға» айналады.

Жаңа сәулеттік талаптар

«АлматыБасжоспар» институтының бас директоры Асхат Сәдуов қаладағы жел қозғалысына жасалған зерттеулер негізінде жаңа талаптар енгізілгенін айтты. Жобада жел өтін сақтау үшін көшелерді табиғи ағындарға сай жоспарлау, жоғарғы бөлікте биік құрылысқа шектеу, тығыз құрылысты азайту, ауа массаларының еркін өтуіне мүмкіндік беретін ғимарат қалыптастыру талаптары қамтылған.

Бұл шаралар қаланың ауа сапасын айтарлықтай жақсартпақ. Барлық ұсыныстарды ескере отырып әзірленген Бас жоспардың түпкілікті нұсқасы 24 желтоқсанда көпшілік талқысына ұсынылады. «Бас жоспар – Алматының даму динамикасын көрсететін стратегиялық құжат. Біз қауіпсіз әрі қолайлы қала қалыптастыруды көздейміз», – деді Бейбіт Шаханов.

«ЗАҢ МЕН ТӘРТІП»

ҚҰҚЫҚТЫҚ САНА ӨСІП КЕЛЕДІ

Алматы қаласы Ішкі саясат басқармасының қолдауымен Social project management орталығы «Заң кеңесі» жобасы аясында «Дөңгелек үстел» өткізді. Оның мақсаты – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауында көрсетілген «Заң және тәртіп» қағидатын орнықтыру.

 Досбол АТАЖАН

«Дөңгелек үстелге» заңгерлер, құқық қорғаушылар, мемлекеттік және құқық қорғау органдары, үкіметтік емес ұйым өкілдері, қала тұрғындары, жастар қатысты.

«Заң кеңесі» жобасының басты заңгері Қуат Ауғанбек бүгінге дейін тұрғындарға қандай көмек көрсетілгенін айтты.

– Алматыда «Заң кеңесі» жобасы 3 жылдан бері жалғасып келе жатыр. Ол алматылықтардың құқықтық сауаттылығын арттыру, әлеуметтік осал топтағы азаматтарға заң тұрғысынан кеңес беріп, тегін көмектесуді көздейді. Осы уақыт аралығында мыңға жуық адамға құқықтық тұрғыда бағыт-бағдар бердік. Бұл жоба мемлекет тарапынан азаматтарымызға үлкен қолдау деп білеміз, – деді ол.



Social project management орталығының директоры Бейбіт Молдахметұлы қоғамда құқықтық сана өсіп жатқанын айтты.

– Заң органдарына жүгінетіндердің қарасы көбейген. Мысалы, 1 жылда сотқа арыз түсіретіндер саны 3 есе көбейген. Яғни адамдар өзара кикілжіңді сот арқылы заң аясында шешуге көшкен. Ол құқықтық сананың өсіп жатқанын көрсетеді. Ал біздің мақсатымыз –

осы өсіп жатқан санаға серпін беру, – деді ол.

Сонымен қатар, Бейбіт Молдахметұлы қала тұрғындары орталыққа қандай сұрақтар бойынша жиі жүгінетінін атап өтті. Оның сөзінше, азаматтар көбіне қандай мәселе бойынша қай органға өтініш не шағым жазу керек екенін білмейді. Осы жағынан біздің заңгерлер кеңес береді.

– Алимент өндіру мәселесі жиі қоз-



ғалады. Сондай-ақ, өткір сұрақтар ішінде жер дауы бар. Одан бөлек, келісімшартсыз бір іс-әрекет жасап қоятындар көп. Ауызша келісім жасалады да, кейін қарызын қайтармай қояды деген секілді. Ал заңгерлер келісімшарт бар кезде ғана заң күшін қолдана алады. Сонда да біздің заңгерлер мессенджерлердегі хат алмасу арқылы жәбірленушіге көмектесуге тырысады, – деді Бейбіт Молдахметұлы.

Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ



ФОРУМ

ENACTUS ҚАЗАҚСТАН – 30 ЖЫЛ

Жас кәсіпкерлер форумда бас қосты

Алматыда өткен Enactus Kazakhstan Business Collaboration Forum – 2025 жастар кәсіпкерлігінің жаңа маусымын ашты. Биыл бағдарлама өзінің 30 жылдық мерейтойын атап өтуде. Екі күндік жиында елдің түкпір-түкпірінен келген жас кәсіпкерлер, менторлар мен серіктестер бас қосты.

Ернұр
РЫСБАЙ

Ауқымды форум мерейтойлық жиын ғана емес, Enactus-тың 2026 жылғы жобалық маусымының ресми бастауына айналды. Жыл соңында үздік студенттік және оқушы командалар ұлттық чемпион атағы үшін, сондай-ақ Бразилияда өтетін ENACTUS World Cup 2026 сайысында ел намысын қорғау мүмкіндігі үшін жарыспақ.

Enactus – 35 елден 1800 университетті біріктіретін ірі халықаралық жоба. Қазақстанда бағдарламаға 100-ден аса жоғары оқу орны, ондаған колледж және 70-тен ас-



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

там мектеп қатысады. Жастар саясатын қолдаудағы еңбегі үшін Enactus қоры бірнеше мемлекеттік марапатқа ие болған. Форумда Алматы қаласы әкімінің орынбасары Абзал Нүкенов жастар бастамаларының қоғамдық маңызына тоқталды:

– Алматы – жастардың, бизнестің қаласы. Мұнда идея мен мүмкіндік түйіседі. Бүгінде көптеген жас Enactus арқылы өз жоспарын жүзеге асырып отыр, бұл өте маңызды. Өйткені, шағын және орта бизнес – қоғамның

берекесі. Сол себепті, біз Enactus-тың жұмысын ерекше бағалаймыз, – деді Абзал Нүкенов.

Enactus Kazakhstan президенті Альбина Ержанова қатысушыларға ризашылығын білдіре келіп:

– Бізге АҚШ-тағы әріптестерімізден бастап, алыс-жақын елдерден көптеген құттықтаулар келіп жатыр. Бұл – SIFE/Enactus бағдарламасының Қазақстандағы 30 жылдық тарихының мойындалуы. Бүгінгі форумға қала басшысының орынбасары Абзал Нүкеновтың келуі де біз үшін үлкен қолдау, – деді ол.

Форум барысында «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында арнайы интерактивті сессия өтіп, жұмысшы мамандықтарының жаңа келбеті, Soft Skills рөлі және жасанды интеллекттің еңбек нарығына ықпалы талқыланды. Жастардың жобалары ESG қағидаларына – «адам, планета, өркендеу» бағыттарына негізделген. Enactus-тың 30 жылдық форумы еліміздің жас инноваторлары мен кәсіпкерлерінің жаңа маусымға деген сенімді қадамын айқындап берді.

МЕГАПОЛИС МӘДЕНИЕТІ

«50x50.

КЕШЕ ЖӘНЕ БҮГІН»

Қос буынның көрмесі көрерменді тәнті етті

Алматы Gallery көрмесінде «50x50. Кеше және Бүгін» атты фотокөрме ашылды. Көрме Қазақстан фотожурналистикасының ардагері, «Құрмет» орденінің иегері, журналистикада 50 жылдан бері келе жатқан Юрий Беккердің жарты ғасырлық шығармашылығы мен фотожурналист, Алматы әкімдігі баспасөз қызметінің инспекторы Дәурен Исаевтың 50 жас мерейтойына орайластырылды.

Нұрлан
СҮЙІН

Екі буынның шығармашылығын біріктірген көрме өткізу Дәурен Исаевтың аға буын өкілі Юрий Беккерден кеңес сұрай баруынан басталған. Өзінің 50 жасқа толуына орай алғаш рет фотокөрмеге өткізу ойын жеткізген. Салада жарты ғасырдан астам еңбек еткен, әрі талай көрмелерімен жұртты тәнті еткен Юрий Беккер екі буын өкілінің шығармасын біріктіру туралы тамаша ойын ұсынып,

Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.



нәтижесінде «50x50. Кеше және Бүгін» атты терең мағыналы фотокөрме жұртқа ұсынылған.

Көрмедегі суреттер де атауына лайықталып таңдалған. Айталық, Ю.Беккер аға буын өкілі ретінде елу жылдан бергі түсірген 50 ақ-қара фотоларын, ал Д.Исаев 50 дана түрлі-түсті жұмысын ұсынған.

«Бірігіп көрме жасау идеясы әріптес аға Ю.Беккердің ақыл беруімен басталды. Өзім елуге келгесін алғашқы фотокөрме жасау ойда жүр еді. Бірақ соның ретін қалай келтіруді білмей Юрекеңе барғам ғой. Ол кісінің ұсынысынан кейін тіпті керемет болды. Көрменің тақырыбын да, қойылатын суреттерді де ортақ шешіп бәрі ойдағыдай болып жатыр. Нәтижесін көріп жатсыздар, – дейді Дәурен Исаев.

Фотокөрме расында да елу жылдық тәжірибе мен бүгінгі заман фотоөнерінің түйіскен тұсындай көрінеді. Онда жарты ғасыр бұрын қолына фотоаппарат алып, кәсіп бастаған буын мен бүгінгі күні өмірдің қас-қағым сәттерін қалт жібермеген буынның үндестігі мен сыйластығы көрініп тұрды.

Ю.Беккер Алматының тумасы. Жарты ғасырлық кәсіби жұмысы осы Алматыда өткен, атақты Желтоқсан оқиғасындағы «Төртеудің сотына» жіберілген жалғыз журналист. Дәурен Исаев болса Алматыда өскен, қазақтың бірегей ақыны Ибрагим Исаевтың ұлы, жастайынан фотоөнерге ден қойған маман.

Осылайша қос фотобердік біріккен көрмесі келушілердің көңілінен шықты. Басқалай болуы мүмкін емес те. Себебі, өзісінің шеберлері қай буын болмасын бір-бірінен алыстамай, сабақтас-тықты жалғап жатуы керек.



МАМАНДЫҚ МӘМІЛЕСІ

ҚазҰУ жұмыс берушілер форумында
кадр саясаты талқыланды

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да Журналистика факультетінің ұйымдастыруымен «Медиаиндустрия және білім берудегі серіктестік: кадр даярлау мәселелері» тақырыбында республикалық жұмыс берушілер форумы өтті.

Дана
САДЫРҚАН

Форумда қазіргі медианарықтағы өзгерістер, цифрлық трансформация, жас мамандарға қойылатын жаңа талаптар, сондай-ақ университет пен индустрия арасындағы серіктестікті нығайту жолдары талқыланды. Әсіресе, цифрлық журналистика, медиа трансформациясы, жас мамандарға қойылатын талаптар, сондай-ақ университеттер мен индустрия арасындағы серіктестіктің бәсекеге қабілетті кадрлар даярлаудағы рөлі бойынша өзекті пікірлер ортаға тасталды.

Форумға білікті медиаменеджер Нұржан Жалауқызы, «Alatau Aqparat» медиахолдингінің Бас директоры Ержан Қалымбайұлы, «IRIS PR CONSULTING» PR бөлімінің жетекшісі Ырыс Амангелді, «NAR MEDIA GROUP» компаниясының директоры Нартай Өтеген, ҚР Ұлттық мемлекеттік кітап палатасы директорының орынбасары Толқын Тұрғалиқызы, Abai TV Бас продюсері Жаңылхан Асылбекова, «Абай.kz» ақпараттық порталының Бас редакторы Нұргелді Әбдіғани және басқа да журналистер қатысты.

Журналистика факультетінің деканы Қанат Әуесбай ҚазҰУ мен сала серіктестері арасындағы ынтымақтастық түлектердің бәсекеге қабілеттілігін арттыруда шешуші рөл атқаратынын жеткізді.

– Бакалаврда 10 мамандық бойынша оқытып жатырмыз. Оның ішінде журналистер ғана емес, баспагерлер, дизайнерлер мен киногогерлерді де дайындаймыз. Жұмыс берушілердің сұранысы мен талаптарына сәйкес сауалдарына жауап беру үшін осындай республикалық жұмыс берушілер форумын ұйымдастырдық, – деді Қанат Әуесбай.

Қатысушылар жұмыс берушілер мен университет арасындағы байланыстарды нығайту, студенттердің тәжірибеден өту, тағылымдама мен алғашқы жұмыс орнын табуын жеңілдету тетіктерін қарастырды. Жаңа медиа-құзыреттерге қойылатын талаптарды жаңарту да негізгі тақырыптардың бірі болды. Форум аясында жұмыс берушілермен меморандумдарға қол қойылып, серіктестер марапатталды. Студенттер үшін жұмыс берушілермен тікелей кездесуге мүмкіндік берген «Мамандықтар жәрмеңкесі» ұйымдастырылды.

«Жұмыс беруші серіктестер форумы Журналистика факультетінде оқитын әр студенттің жұмысқа орналасуына көмектесіп қана қоймай, медиа саласының үздіктерімен тікелей байланыс орнатуға көмектесті. Бұл бізге ҚазҰУ-дың сыйлаған зор мүмкіндігі деп білемін. Алдағы уақытта бұл форум өз жалғасын табады деп сенемін», – деді бітіруші түлек Мәдина Қали.



ӘДІЛЕТТІ ҚОҒАМ

адал да қарапайым істерден басталады



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Қоғамның тұрақтылығы мен дамуы әрбір азаматтың адалдығы мен жауапкершілігіне тікелей байланысты. Қазақстанда осы бағытта қабылданған «Адал азамат» тұжырымдамасы азаматтарды қоғам алдындағы жауапкершілікті сезінуге, өз әрекеттерінде әділдік пен ашықтық принциптерін ұстануға шақырады. Мемлекет тарапынан бұл бастама азаматтық қоғам мен мемлекеттік институттар арасындағы сенімді нығайтуға бағытталған және азаматтардың өмірінде адалдық мәдениетін қалыптастыруға ұмтылуды көздейді.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Қалалық мәслихат депутаты Қайрат Бегалиннің айтуынша, адал азамат – елдің дамуына үлес қосатын, өз құқығы мен міндетін түсінетін тұлға. Мұндай адамдар қоғамдағы әрбір мәселені шешуге атсалысып, заң мен тәртіпті сақтауда үлгі көрсетеді. Ал қоғам белсендісі Айхан Мұхамбетқызы адалдық әрбір қатынас пен әрекетке әсер ететін маңызды фактор деп санайды. Оның пікірінше, «Адал азамат» тұжырымдамасы әрбір қазақстандықтың күнделікті өмірінде көрініс табуы тиіс, өйткені адалдық қоғамдағы сенімді нығайтады және адамдар арасындағы байланыстарды күшейтеді.

Әділетті Қазақстанды құру жолындағы елдің ортақ ұмтылысын көрсететін бұл тұжырымдама қарапайым азаматтардың да тілегіне сай келеді. Айталық, қала тұрғыны Гүлім Мырзақұлқызы бұл жөнінде: «Адал азамат болу – өз айналадағы адамдарға әділ және ашық болуды білдіреді. Бүгінде әлеуметтік желілерде де бұл құндылықтарды көрсету маңызды рөл атқарады. Дегенмен, әлеужелінің зияны да бар – кейде жалған ақпарат тарайды, адамдардың пікірін бұрмалайды. Сол себепті, адалдықты онлайн да, нақты өмірде де сақтау қажет», – деген пікірін жеткізді.

«Адал азамат» тұжырымдамасының мәнін қарапайым өмірдегі мысалдар тіпті де ашып көрсетеді. Мәселен, автобуста біреудің қалтасынан ақша түсіп қалса, оны байқаған адам иесіне қайтарады. Дүкенде кассир қате есептесе, сатып алушы дұрыс соманы төлеуге көмектеседі. Көршілердің бір-біріне қолұшын беруі, қоғамдық кеңістікте тәртіп сақтау, кезекке шыдамдылықпен тұру да адалдық мәдениетінің көрінісі. Осындай қарапайым әрекеттер қоғамдағы сенімділікті арттырады, адамдар арасындағы сыйластықты қалыптастырады және адалдықтың күнделікті өмірде қаншалықты маңызды екенін көрсетеді.

ОРТАҚ ШАҢЫРАҚ, ОРТАҚ ҚҰНДЫЛЫҚ

Алматыда жас отбасылар байқауы өтті

Алматыда Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығы аясында «Менің тірегім – отбасым» атты жас отбасыларға арналған қалалық байқау өтті. Іс-шара Алматы қаласы ҚХА және Алматы қаласы мәслихатының «Ынтымақ» депутаттық тобымен, сондай-ақ «Нархоз» университетімен бірлесе ұйымдастырылды.



Досбол
АТАЖАН

Ұйымдастырушылардың айтуынша, байқау отбасы институтын нығайтуға, ұлттық дәстүрлер мен адамгершілік құндылықтарды насихаттауға, сондай-ақ жастар арасында этносаралық келісім мәдениетін дамытуға бағытталған.

Байқауға Алматы қаласында тұратын түрлі этностардың жас отбасылары қатысты. Қатысушылар бейнежазба арқылы отбасыларын таныстырып, кейін шығармашылық сайыстарда бақ сынап, дәстүр мен мәдени ерекшеліктерін көрсетті. Жеңімпаздарды құрамына белгілі өнер қайраткерлері, ҚХА мүшелері және басқа да танымал тұлғалар кірген қазылар алқасы анықтады.

Алматы қаласы ҚХА төрағасының орынбасары, байқаудың қазылар алқасының төрағасы Всеволод Лукашев байқаудың маңызына тоқталды.

– Біріншіден, бұл Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдық мерейтойы аясында өткізіліп отыр. Бұл өте үлкен мереке. Ол елімізде тұратын барлық этнос-

тардың бірлігін көрсетеді. Біз – ортақ тарихи тағдырмен біріккен Қазақстан халқымыз. Одан бөлек, біз халқымыздың дәстүрлі тұрмыс мәдениеті мен отбасылық өмір салтын насихаттау үшін өткізіледі. Жас отбасылар әртүрлі сайыстарда бәсекеге түсіп, олардың арасынан ең үздіктерін анықтаймыз. Бірақ шынайы жеңімпаз – Қазақстан халқы болады, – деді ол.

Алматы қаласы дүнген этномәдени орталығының төрайымы, байқауға қатысушы отбасының мүшесі Рима Рамазанқызы бұл байқау еліміздегі ұлтаралық татулықтың белгісі екенін айтты.

– Бүгінгі байқау отбасыда қандай құндылықтар болуы керек екенін көрсетіп, оны насихаттайды. Оған әр этностың отбасылары қатысып отыр. Бірақ бәріміз бір шаңырақтың астында біріккенбіз – ол Қазақстан. Оның ішінде дүнгендерге келсек, осы қазақ жерінде өмір сүріп жатқанымызға 148 жыл болды. Барлық жағдайымыз жасалған. Бұл бірінші кезекте Президенттің саясаты, содан кейін Қазақстан халқы Ассамблеясының арқасында деп ойлаймын. Әрдайым қазақ халқына алғысымыз шексіз, – деді ол.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМНЫҢ АШЫҚ ПЛАТФОРМАСЫ

Ақпараттық-ресурстық орталығына – 20 жыл

Достық үйінде үкіметтік емес ұйымдар, сарапшылар және азаматтық қоғам белсенділері бас қосты. Онда Ақпараттық-ресурстық орталықтың 20 жылдық мерейтойына орай «Азаматтық орталықтар әлеуметтік топтасу құралы ретінде» атты «Дөңгелек үстел» өтті. Басқосуда азаматтық сектордың бүгінгі бағыты мен келешегі талқыланды.



Аяжан
СЕРІКҚЫЗЫ

«Дөңгелек үстел» үкіметтік емес ұйымдар тәжірибесін бөлісіп, озық үлгілерді талқылау және азаматтық бастамаларды дамытудың ортақ тәсілдерін әзірлеу мақсатында ұйымдас-тырылған. Үкіметтік емес ұйымдардың белсенділігі артып келе жатқан кезеңде көшбасшыларды оқыту, консультациялар мен шеберлік сабақтарын ұйымдас-тырудың да маңызы арта түскені

осы жиында сөз болды. Жиынның модераторы, қоғам қайраткері Бекнұр Қисықов сөзінде «Ақпараттық-ресурстық орталықтың» осыған дейінгі атқарған қызметіне тоқталып өтті:

– Жиырма жыл – аз уақыт емес, осы уақыт ішінде орталық қоғам игілігі үшін жұмыс істеп, заман талабына сай жаңа міндеттерді шешіп келеді, – деді ол.

Ақпараттық-ресурстық орталықтың қызметі туралы айтқанда орталық жетекшісі Алтынай Көбеева былай деді:

– Мерейтойды пікірлес әріп-

тестер арасында атап өту – біз үшін қуаныш. Орталық алғаш құрылғанда-ақ тәжірибе алмасудың маңызды алаңына айналған. 60-тан астам жобаны жүзеге асырдық, соның қатарында Әиелдер көшбасшылығы мектебі де ашылды. Біз осы бағыттағы дамуды жалғастырамыз, – деді Алтынай Орманқалиқызы.

Ол сондай-ақ, қазіргі уақытта үкіметтік емес ұйымдарға қойылатын талаптар артып отырғанын атап өтіп, ұйымдарға жан-жақты қолдау көрсетудің маңызына да тоқталды. Оның айтуынша жаңа заңдарды түсіндіру, ашықтық қағидаттарын насихаттау, жаңа технологияларды жобаларға енгізу орталықтың негізгі қоғамдық міндеті болып саналады. Қордың Азаматтық орталық жобасы Алматы қалалық Ішкі саясат басқармасының қолдауымен үкіметтік емес ұйымдар өкілдеріне, қала белсенділеріне негізгі дағдыларды үйретеді. Бұл олардың кәсіби тиімділігін арттыруға және азаматтық белсенділікті нығайтуға көмектеседі.

«Дөңгелек үстелге» «Ақпараттық-ресурстық орталық», Орталық Азияның Еуразия қоры, INMIR қоғамдық қоры, Философия, саясаттану және дінтану институтының сарапшылары, сондай-ақ Алматы қаласының қоғамдық кеңес өкілдері қатысты. Бірлескен іс-шара азаматтық қоғамның дамуында азаматтық орталықтардың маңызын айқын көрсетті. Екі онжылдық бойы үкіметтік емес ұйымдар мен сенімді серіктес болып келе жатқан Ақпараттық-ресурстық орталықтың рөлі және азаматтық бастамаларды қолдау механизмдері кеңінен талқыланды.



MEMЛЕКЕТТІК АППАРАТ

ӘДЕП КОДЕКСІ – МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІҢ ӨЗЕГІ

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексі – мемлекеттік аппараттың моральдық-этикалық негіздерін нақты айқындайтын негізгі құжат. Онда мемлекеттік қызметшілердің кәсіби этикасы, азаматтармен қарым-қатынасы, қызметтен тыс мезгілдегі мінез-құлқы, мүдделер қайшылығын болдырмау тәртібі және мемлекеттік биліктің беделін қорғау талаптары бекітілген.

Сондай-ақ, Әдеп кодексі – мемлекеттік қызметшілердің кәсіби мінез-құлқын реттейтін, адалдық, әділдік, ашықтық және жауапкершілік сияқты құндылықтарды бекітетін маңызды құжат. Оның басты мақсаты – азаматтар мүддесін қорғау, мемлекеттік аппараттың беделін арттыру және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу. Кодекс барлық қызметкерлерден заңға бағынуды, мемлекеттік ресурстарды тиімді әрі ұқыпты пайдалануды, сондай-ақ әріптестермен, көпшілікпен қарым-қатынаста сыпайылық пен кәсіби мәдениеттілікті талап етеді.

Осы бағытта 2015 жылдан бері Әдеп жөніндегі уәкіл институты енгізіліп, уәкілдер мемлекеттік қызметшілер мен халық арасындағы түрлі мәселелерді шешуде елеулі рөл атқарып келеді. Бүгінгі таңда Алматы қаласында 9 Әдеп жөніндегі уәкіл (1 босатылған лауазымда, 8 мемлекеттік қызметші ӘУ функциялары жүктелген) тұрақты жұмыс істейді.

Ағымдағы жылы Әдеп жөніндегі уәкілдер тарапынан барлық қалалық басқармалар мен 8 аудан әкімі аппараттарында мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнаманың және Әдеп кодексінің талаптарын сақтау, қызметтік тәртіп, мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдебі, мемлекеттік қызметшілердің, олардың отбасы мүшелерінің әлеуметтік кепілдіктері, сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер, мүдделер қақтығысы және әкімшілік жауаптылық мәселелері бойынша 400-ге жуық лекция-семинар үлгісінде түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Бұл шаралардың көпшілігі ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаментінің



Суретті түсірген Самат Құсайынов.

қызметкерлерімен бірлесе атқарылды. Департамент басшысы Е.Нұржігітов, басшының орынбасары Н.Узбехановтар осы шараларды үйлестіруге тікелей атсалысып келеді. Жылдың басынан 700-ден аса мемлекеттік қызметшілер мен жеке азаматтарға консультациялық көмектер беріліп, қала және аудан әкімдіктерінде 396 жеке қабылдаулар жүзеге асты.

Ұжымдардағы психологиялық ахуалды анықтау мақсатында мемлекеттік қызметшілерден жасырын сауалнамалар алынып, соның нәтижелері бойынша жұмыс жоспарлары жасалды. Мемлекеттік қызметке жаңадан келген жас мамандарға арнайы түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, тиісті ақыл-кеңестер беріліп келеді.

Әдеп жөніндегі уәкілдер жұмысының бір бағыты мемлекеттік қызметшілер арасында құмар ойындарын болдырмау, ондай келеңсіз құбылыстың алдын алу. Лудомания – құмар ойындарға тәуелділік – халықаралық деңгейде әлеуметтік әрі психологиялық проблема ретінде қарастырылады. Қазақстанда да бұл мәселе мемлекеттік қызметшілер арасында назар аударуды қажет етеді.

Тәуелділік қызметкердің қаржылық жағдайын нашарлатып, қызметтік міндеттерін адал орындауға кедергі келтіруі мүмкін. Бұған қоса, құмар ойындарға тәуелді адамдардың сыбайлас жемқорлыққа бару қаупі жоғары болады, өйткені қарызды өтеу немесе ойынға қаражат табу үшін заңсыз әрекеттерге бару ықтималдығы арта түседі.

Сондықтан да Әдеп жөніндегі уәкілдер

дер мемлекеттік қызмет жүйесінде лудоманияның алдын алу бағытында бірнеше шараларды жүзеге асырып келеді. Олар:

- Құмар ойындарға шектеулер туралы ақпараттандыру – заң талаптарын түсіндіру, жауапкершілікті күшейту.
- Әдеп кодексінде бекітілген мінез-құлық нормалары – қызметтен тыс уақытта да адалдық пен жауапкершілікті сақтауды талап етеді.

Әдеп жөніндегі уәкілдердің ендігі бір міндеті – діни ахуал және оның мемлекеттік қызметке ықпалы туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізіп отыру. Қазақстан – көпконфессиялы мемлекет, онда діни тұрақтылық қоғам бірлігінің маңызды факторы болып табылады. Діни сенім бостандығы Конституциямен кепілдендірілген, дейтұрғанмен, мемлекеттің зайырлы сипаты мемлекеттік қызметте діни бейтараптықты талап етеді.

Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік міндеттерін орындау барысында белгілі бір діни топтың мүддесін алға тартуына, діни үгіт-насихат жүргізуіне, жұмыс орындарында діни мәселелерді таратуына жол берілмейді. Бұл принцип мемлекеттік аппараттың бейтараптығын және барлық азаматтарға тең қызмет көрсету міндетін қамтамасыз етуге бағытталған.

Сонымен қатар, радикалдық діни

ағымдардың ықпалына түсу тәуекелі де қарастырылуы керек. Мемлекеттік қызмет жүйесі мұндай жағымсыз әсерлердің алдын алу үшін ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын, тұрақты мониторингті және қызметкерлердің діни сауаттылығын арттыру шараларын қолданады. Бұл бағытта Алматы қаласы Дін істері басқармасының теолог мамандары тартылып, түсіндіру жұмыстары кәсіби деңгейде жүзеге асырылады. Мұның барлығы ұлттық қауіпсіздік пен зайырлы мемлекеттік құрылымды қорғауға бағытталған.

Қазақстанда мемлекеттік қызмет Конституция мен арнайы заңдар арқылы реттеледі. Соңғы жылдары меритократияға негізделген кадрлық саясатты нығайтуға басымдық беріліп келеді. Ашық бәсекелестік, тестілеу арқылы іріктеу, мемлекеттік қызметшілердің нәтижелілігін бағалау жүйелері енгізіліп, ол өз жемісін беруде. Бұл шаралар мемлекеттік аппаратты кәсібилендірумен қатар, азаматтардың мемлекеттік органдарға деген сенімін арттыруға бағытталған.

Қазақстандағы мемлекеттік басқару жүйесі соңғы жылдары ашықтықты арттыру, қоғам сенімін нығайту және мемлекеттік аппараттың тиімділігін көтеру бағытында бірқатар реформаларды сәтті жүзеге асырып келеді. Бұл өзгерістердің өзегінде мемлекеттік қызметшілердің кәсібилігі, жауапкершілігі және қоғаммен өзара қарым-қатынасы тұр.

Сонымен қатар, цифрландыру аясында көптеген қызмет автоматтандырылып, мемлекеттік қызметшілердің азаматтармен тікелей қарым-қатынасқа түсуі жыл өткен сайын кемуде. Мұның өзі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетуге ықпал етті. Дегенмен, ұйымдастырушылық мәдениет, басқарушылардың жауапкершілігі және этикалық нормалардың сақталуы әлі де өзекті мәселелердің қатарында.

Қазақстандағы мемлекеттік қызметтің дамуы кәсібилік, ашықтық және этикалық жауапкершілік принциптеріне негізделіп отыр. Әдеп кодексі мемлекеттік аппараттың моральдық бағытын айқындайтын құжат ретінде қызмет атқарады. Мемлекеттік қызметші – қоғам сенімін арқалаған тұлға, ал оның беделі мен мінез-құлқы мемлекеттің абыройына тікелей әсер етеді.

Мамай АХЕТОВ,
Алматы қаласы әкімі аппаратының
Әдеп жөніндегі уәкілі.

«АДАЛ АЗАМАТ»

АДАЛДЫҚ ҰСТАНЫМЫ –

жемқорлықсыз қоғамның алғышарты

Сыбайлас жемқорлық – мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігін төмендететін, экономикалық өсімге кедергі келтіретін және азаматтардың билік институттарына деген сенімін әлсірететін әлеуметтік құбылыс. Осыған байланысты сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі болып табылады.

Сыбайлас жемқорлықтың қоғам дамуына тигізетін кері әсері көп. Олардың қатарына мемлекеттік бюджеттің тиімсіз жұмсалуды, экономикалық бәсекелестіктің бұзылуы, көлеңкелі экономиканың кеңеюі, әлеуметтік теңсіздіктің артуы және мемлекеттік шешімдердің әділдігіне күмәннің туындауы сынды негізгі факторларды атауға болады. Бұл факторлар қоғамның тұрақты дамуына кері әсер етіп қана қоймай, азаматтардың құқықтық мәдениетінің төмендеуіне де себеп болады. Осы факторларды болдырмау мақсатында Қазақ-

стан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты ретінде жүйелі шаралар кешені қабылданған. Олардың қатарында:

- «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заң – сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың құқықтық негізін айқындайды;
- Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі – құқықбұзушылықтарды анықтау, алдын алу және жолын кесу бойынша арнайы уәкілетті қызмет жүргізеді;
- Мемлекеттік қызметшілердің әдеп кодексі – адалдық, ашықтық және жауапкершілік қағидаттарын нығайтуға бағытталған;
- Цифрландыру және ашықтық – «Электрондық үкімет» порталдары; онлайн мемлекеттік қызметтер; ашық бюджеттер; мемлекеттік сатып алулардың толық жариялылығы;
- Алдын алу және ағарту жұмыстары – «Адалдық алаңдары», «Парасат жолы» жобалары, мектептер мен жоғары оқу орындарындағы адалдық

сабақтары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбие беру, адалдық пен жауапкершілік құндылықтарын нығайту.

Аталған шаралар мемлекеттік қызметтің ашықтығын қамтамасыз етуге, жемқорлық тәуекелдерін азайтуға және азаматтардың мемлекетке деген сенімін арттыруға бағытталған. Сонымен бірге, сыбайлас жемқорлықпен күрес тек мемлекеттік органдардың ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті екені анық. Мемлекеттің әрбір азаматы заңсыз әрекеттер туралы ақпараттандыруға, құқықтық мәдениетін арттыруға, мемлекеттік қызмет көрсетудегі ашықтықты талап етуге, жемқорлыққа төзбеушілік қағидатын ұстануға міндетті.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – Қазақстан Республикасының тұрақты дамуы үшін негізгі факторлардың бірі. Мемлекет тарапынан қабылданып жатқан жүйелі шаралар және қоғамның белсенді қатысуы ғана тиімді нәтижеге жеткізеді. Әрбір азаматтың адалдықты өмірлік қағидат ретінде ұстануы – жемқорлықсыз қоғам құрудың басты алғышарты. Адалдық, әділдік және ашықтық – жаңа Қазақстанның негізгі құндылықтары.

К.ДЖУБАНЫШЕВА,
Алматы бөлімшелік көліктегі
санитариялық-эпидемиологиялық бақылау
басқармасының бөлім басшысы



«Жамила» МЮЗИКЛІ

Айтматов мұрасының халықаралық туры Алматыда басталды

Республика сарайында алматылықтар қырғыз әдебиетінің классигі Шыңғыс Айтматовтың 100 жылдығына арналған ерекше музыкалық спектакльді тамашалады. Бұл тартуды Қырғызстанның Тоқтағұл Сатылғанов атындағы Ұлттық филармониясы ұсынды. Қойылымның премьерасы Қырғызстанда былтыр көктемде өткен еді, ал биыл Алматы сахнасы арқылы көрерменге жол тартты.



Дана
САДЫРҚАН

Кештің шымылдығын ҚР Мемлекеттік кеңесшісі Ерлан Қарин ашып, бауырлас, тамырлас екі халықтың мәдени тоғысы іспетті шараның маңызына кеңінен тоқталды.

– Бүгін Алматыдағы Республика сарайында ерекше іс-шара өтіп жатыр. Шаһарымыздың ең сәулетті Республика сарайында қазақ пен қырғыздың игі жақсылары жиналып отыр. Бұл жәй ғана көп шараның бірі емес, бұл бірлік пен ынтымақтың жиыны. Сондықтан осы залдан сіздерді қатар көргеніме қуаныштымын. Екі елдің ынтымағы арта берсін, – деді ол.

Екі елдің бауырластығын, мәдени тамырластығын кеңінен танытқан кештің ашылу сөзінде Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин ағайынды елдің береке-бірлігі бәрінен маңызды екенін, сондай-ақ, бірліктің бекем тұруында Айтматов сынды тұлғалардың өмірі шынайы өнеге екенін баса айтты.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай, «Қазақ пен қырғыз ежелден еншісі бір, тілектес, бауырлас елдер. Қос халықтың татулығы мен өзара бірлігі ешқашан үзілген емес». Расында да, дініміз – бір, тіліміз – бір, салтымыз – бір. Домбыраның қос ішегі секілді нағыз ағайындас халықпыз. Шыңғыс Айтматов – қырғыздың ғана емес, қазақ халқының да мақтанышы, екі елге ортақ тұлға. Жазушының мол мұрасы халқымыздың жүрегінен орын алған... Сондықтан әйгілі қаламгердің 100 жылдығына арналған халықаралық қойылымының Қазақ топырағынан басталуы заңды деп ойлаймын», – деді Ерлан Тынымбайұлы.

Ал Қырғыз Республикасының Мемлекеттік хатшысы Марат Иманқұлов Ерлан Қариннің сөзін жалғап, премьераның ашылуымен алматылықтарды және барша қазақ халқын құттықтады:

– Ерлан Тынымбайұлы атап өткендей, қазақ пен қырғыздың тілі де бір, ділі де бір. Тарихы да, салт-дәстүрі де – бір. Қыр-



ғыз Республикасының президенті Садыр Жапаровтың және өз атымнан, қазақ пен қырғыз еліне ортақ жазушы ретінде танымал болған Шыңғыс Айтматовтың өшпес шығармасы негізінде сахналанған «Жамила» мюзиклінің Қазақстандағы премьерасымен баршаңызды құттықтаймын, – деді қырғыз елінің Мемлекеттік хатшысы.

Ұлы жазушы әрі ойшыл Шыңғыс Айтматовтың 100 жылдық мерейтойына орай Қырғызстан Президентінің жарлығымен ауқымды халықаралық іс-шаралар легін



ұйымдастыру көзделген. Алматыдағы кеш Айтматов мұрасының халықаралық мәдени сапарының шымылдығын ашты. Қырғыз ғана емес, қазақ әдебиетінің де өкілі саналып кеткен Шыңғыс Айтматовтың халықаралық мерейтойлық іс-шарасының Алматыда басталуының да өзіндік тарихи мәні бар. Бұл жайында Марат Иманқұлов:

– Шыңғыс Айтматовтың есімі қырғыз және қазақ мәдениеті үшін де ерекше. Ал жазушының шығармашылығын алғаш

қолдаған – қазақ әдебиетінің дүлдүлі Мұхтар Әуезов. Сондықтан бұл мюзиклді Алматы сахнасында көрсету – ерекше мәнге ие, – деп атап өтті.

«Жамила» мюзиклі – Жәмила мен Даниярдың махаббат тарихын Сеит есімді жас жігіт баяндайтын шығарма. Бұл әңгіме режиссерлерді жылдар бойы шабыттандырған. Спектакльде адамгершілік бірлік, өзара көмек пен рухани төзімділік тақырыбы ерекше көрініс тапты. «Данияр» рөлін Құралбек Чокоев, «Жәмила» рөлін Сырға Сағынбекова сомдады. Хореографияны бас балетмейстер Ерлан Қамытбеков ұйымдастырған. Көрермен түпнұсқа музыка мен қырғыз фольклорының үйлесімін, тарихи костюмдерді тамашалап, кейіпкерлердің сезіміне терең бойлай алды.

Премьера мәдениетаралық диалогты күшейтіп, көрерменге рухани әрі эстетикалық ләззат сыйлады, сондай-ақ қазақ-қырғыз байланыстарын жаңа деңгейге көтерді. Бұл көрсетілім Шыңғыс Айтматовтың 100 жылдық мерейтойына арналған халықаралық бастамаға айналғандай. Айта кетейік, мюзикл Алматыдан кейін Баку, Ташкент, Анкара және Еуропаның бірнеше қаласында көрсетілімек.

Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.





Алматыда кикшеринг қызметін дамыту және реттеу мәселелеріне арналған «Дөңгелек үстел» өтті. Жиынға қалалық мәслихат депутаттары, Respublica партиясының өкілдері, сондай-ақ самокаттарды жалға беру қызметін ұсынатын компаниялардың басшылары қатысты.

Кездесуде қала көшелеріндегі екі дөңгелекті көліктерді пайдалану тәртібі, қауіпсіздік шаралары және инфрақұрылым мәселелері жан-жақты талқыланды. Бизнес өкілдерінің негізгі алаңдаушылығы – Мәжіліс депутаттарының самокаттарды веложолдар мен тротуарлардан толық алып, көліктерге арналған жол бөлігіне шығару туралы бастамасы. Өйткені, соңғы уақытта мобильді көлікке қатысты қала тұрғындарынан құзырлы орындарға түсетін шағымдар көбейген. Әсіресе, самокаттардың жаяу жүргіншілер жолына бейберекет қойылуы алматылықтардың наразылығын тудырып отыр. Осыған байланысты бизнес өкілдері мәселені қайта көтеруді орынды деп санайды.

САМОКАТТАРҒА ОРТАҚ ТӘРТІП КЕРЕК

Кикшеринг қызметін реттеу мәселелері талқыланды



Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Respublica партиясы Алматы қалалық филиалының төрайымы Шолпан Асқарқызы самокаттарды шектеу мәселесіне қатысты пікір білдіріп, мұндай қадамның қалалық мобильдікке теріс әсер етуі мүмкін екенін атап өтті. Оның айтуынша, Алматы – көлік жүктемесі жоғары мегаполис. Егер самокаттарды шектесе, қоғамдық көлік пен автожолдарға түсетін салмақ одан әрі артып, экологиялық жағдай да нашарлауы ықтимал. Осы ретте партия өкілдері самокаттарды қала өмірінен ығыстыруды емес, оларды қауіпсіз әрі реттелген жағдайда қолдануға мүмкіндік беруді ұсынды.

Кездесуде кикшеринг инфрақұрылымын реттеудің нақты тетіктері қарастырылды. Қала әкімдігінен самокаттарға арнап 5 мың тұрақ орнын белгілеу жұмыстары басталғаны айтылды. Сала мамандарының айтуларынша, бұл тротуарларға бейберекет тасталған самокаттар санын азайтуға мүмкіндік береді. Сонымен бірге, 18 жасқа дейінгі азаматтарға самокат жалдауға тыйым салу, әр көлікке нөмірлік белгі беру, пайдаланушыларды ЖСН арқылы тіркеу, сондай-ақ жасанды интеллект пен камералар арқылы бақылауды күшейту ұсынылды.

Басқосуда кикшеринг компанияларының бірінің негізін қалаушы Мейрамбек Әбілқасымов проблемаларды нақты деректермен түсіндірді. Оның айтуынша, оқыс оқиғалардың басым бөлігі – кәмелетке толмағандардың жүруі, бір самокатқа екі адамның мінуі және жол өткелдерінен түспей өту, яғни 80% оқиға дәл осы үш факторға байланысты туындайды.

– Егер кәмелетке толмағандарға қызмет көрсетпеу, тек бір адамға мінуге рұқсат беру және жаяу жүргінші өткелдерін міндетті түрде самокаттан түсіп кесіп өту талап етілсе, мәселелердің басым бөлігі жойылады, – деді ол.

Расында, ЖСН арқылы тіркеу мен нөмірлік белгілер тәртіпті жақсартуға және бұзушылықтарды анықтауды жеңілдетуге мүмкіндік береді. Компания дерегіне сәйкес, Алматыда күніне 100 мыңға жуық самокат сапары жасалады. Бұл көрсеткіш самокаттардың қала мобильдігінің ажырамас бөлігіне айналғанын көрсетеді.

Жиын соңында қатысушылар бірлескен меморандумға қол қойып, ұсыныстарды жүйелеуге келісті. Одан кейін қорытынды ұсыныстар Мәжіліске жолданады. Сарапшылардың пікірінше, бүгінгі таңда самокаттар – қаланың қалыпты көрінісі мен инфрақұрылымының бір бөлігі. Сондықтан ең тиімді жол – тыйым салу емес, реттелген, қауіпсіз және мәдениетті қолдану жүйесін қалыптастыру дейді мамандар.



Суретті түсірген Кайрат ҚОНЫСБАЕВ.

✓ СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

Алматы қаласы Мәслихатының депутаты **Салтанат Бахтиярқызы** да бұл мәселенің қалалық күн тәртібінде өзекті орын алып отырғанын атап өтті. Оның айтуынша, қала тұрғындарынан самокаттардың бейберекет қойылуы, тротуарларда бөгет жасауы және кейбір жағдайларда жол-көлік оқиғаларына себеп болуы туралы шағымдар жиі түседі.

«Бүгінгі талқылауда кикшеринг компаниялары тарапынан бірқатар маңызды жұмыстар жүргізіліп жатқанын байқадық. Олар қалада 50 скауттан тұратын арнайы топ құрылып, самокаттарды жинау, реттеу және қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында жүйелі жұмыс істеп жатыр. Алайда, бұл бастамалардың толық іске асуы үшін қалада жеткілікті инфрақұрылым – арнайы тұрақ орындары мен бақылау алаңдары қажет», – дейді депутат.

Ол самокаттарды толықтай жолдың көлік жүретін бөлігіне көшіру жөніндегі ұсынысқа да пікір білдірді:

«Қазіргі жағдайда мұндай өзгеріс қауіпті болуы мүмкін. Статистикалық деректер бойынша самокаттардың қатысуымен болатын жол-көлік оқиғалары басқа көлік түрлерімен салыстырғанда, әлдеқайда аз. Алматыда күніне 100 мыңға жуық самокат сапары тіркеледі, бұл – айтарлықтай үлкен ағын. Сондықтан бұл бағытта асығыс шешім қабылдамай, жан-жақты сараланған регуляция қажет», – деп нақтылады ол.

Депутат ЖСН арқылы тіркеу, нөмірлік белгілер енгізу және «Сергек» жүйесімен интеграция сияқты ұсыныстарды қолдап, кикшеринг компаниялары мен «Республика» партиясы арасында жасалған меморандум қаладағы микромобильдікті реттеуге оң әсер ететініне сенім білдірді.



■ КОНФЕРЕНЦИЯ

ЖАҢА ҰРПАҚҚА ЖАҢА БАҒДАР:

«Адал азамат» бірыңғай тәрбие бағдарламасы Алматыдағы білім беру мекемелерінде түрлі қырынан мазмұнды талқыға арқау болып отыр. Айталық, кеше, 27 қараша Түрксіб ауданы білім бөліміне қарасты №107 лицейде «Адал азамат» бағдарламасы аясында «STEAM білім негізінде кәсіби бағдар беруді дамыту мүмкіндіктері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.



Рая ЕСКЕНДІР

Конференцияға Абай университетінің Педагогика кафедрасы, Алматы қалалық білім берудегі жаңа технологиялардың ғылыми-әдістемелік орталығы, Түрксіб ауданының білім бөлімі ұйытқы болды.

Қазіргі әлемде ғылым мен технологияның қарқынды дамуы білім беру жүйесіне жаңа талаптар қойып отыр. Осыған сай оқушылардың шығармашылық әлеуетін, зерттеушілік қабілетін мен практикалық дағдыларын дамытуға бағытталған STEAM бағдарламасы соңғы жылдары мектептер мен колледждерде кеңінен енгізіле бастады. Мұғалімдер жаңа әдістемелерді меңгеріп, оқушыларға заманауи

STEAM арқылы адал азамат тәрбиелеу

құрал-жабдықтармен тәжірибе жасауға мүмкіндік беруде. Бұл бастама оқушыларды болашақта талап етілетін мамандықтарға даярлауға зор ықпал етеді.

Түсіндіре кетейік, STEAM (Science, Technology, Engineering, Art, Mathematics) – ғылым, технология, инженерия, өнер және математика пәндерін біріктіретін интеграциялық білім беру моделі. Білім берудегі STEAM-ның маңызы ерекше. Дәстүрлі оқыту көбіне теориялық білім беруге бағытталса, STEAM оқыту үрдісін тәжірибемен байланыстыруға негізделеді. Оқушылар нақты мәселелерді шешу, жобалар құрастыру, макет жасау, тәжірибе жүргізу арқылы пәнді тереңірек меңгереді. Мұндай тәсіл балалардың сыни ойлауын, логикалық пайымдауын және шығармашылық көзқарасын дамытады.

Конференция барысында «Адал азамат» бірыңғай тәрбие бағдарламасы аясында STEAM білім беру технологияларын енгізу арқылы оқушылардың кәсіби бағдарлануын жетілдіру мәселелері жан-жақты қарастырылды. Мұнда тұлғаның



шығармашылық әлеуетін арттыруға, сыни ойлау қабілетін дамытуға, еңбекке баулу мен болашақ мамандықты саналы таңдауға бағытталған құндылықтық бағдарларды қалыптастыруға баса назар аударылды.

№107 лицей басшысы Нұрбек Өтебаев іс-шараның маңызына тоқталып: – Қазіргі білім сапасын арттыру, инновациялық тәсілдерді енгізу және оқушының тұлғалық дамуын қолдау – бәрімізге ортақ мақсат. Сондықтан бұл конференция – білім беру саласындағы өзекті мәселелерді талқылауға, тәжірибе мен жаңа

шыл идеялар алмасуға мүмкіндік берді. Әрі осы бағыттағы халықаралық ынтымақтастыққа да жол ашты, – деді.

Конференция қатысушылары аталған бағыт жас ұрпақты жаңаша ойлайтын, ел дамуына үлес қосатын, адал әрі бәсекеге қабілетті азамат етіп тәрбиелеудің тиімді жолы екенін атап өтті. Ел болашағы – бүгінгі мектеп оқушысы. Сондықтан олардың кәсіби бағдарлануын жетілдіру, технологиялық сауаттылығын арттыру және адамгершілік құндылықтарды бойына сіңіру – қазіргі білім саясатының басты міндеті болып қала бермек.

ӘЙЕЛ АМАНДЫҒЫ – ЕЛ АМАНДЫҒЫ

«Гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн» акциясы басталды

Қазақстанда «Әйелдерге қарсы зорлық-зомбылықсыз 16 күн белсенді іс-қимыл» акциясы басталды. Ағымдағы жылдың 25 қараша мен 10 желтоқсан аралығында өтетін бұл акция Қазақстанда тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күреске, әйелдер мен балалардың құқығын қорғауға, сондай-ақ қоғамда құрметпен және қауіпсіз қарым-қатынас мәдениетін дамытуға бағытталып отырған ауқымды бастама.

Рая ЕСКЕНДІР

Алматыда өтіп жатқан «Гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн» акциясы шеңберінде өткен іс-шараға студенттер, мамандар мен құқық қорғау органдары өкілдері жиналды. Жиын барысында ақпараттық түсіндіру, құқықтық кеңестер, дағдарыс орталықтары, әлеуметтік қорғаныс, қоғамдық комиссиялар жұмысы кеңінен талқыланды. Акция шеңберіндегі іс-шараға мемлекеттік органдар, үкіметтік емес ұйымдар, білім беру орындары, волонтерлер, қоғам белсенділері, жастар қатысып, қоғамда зорлық-зомбылық мәселесін ашық талқылауға жағдай туды. Жалпы, бұл іс-шара тек біздің елімізде ғана емес, «Гендерлік зорлық-зомбылық-



Суретті түсіріп: Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

қа қарсы белсенді іс-қимылдың 16 күні» деген атпен бүкіл әлемді қамтиды. Алматыда да ағымдағы жылдың 25 қарашасында дәстүрлі «16 күндік белсенді іс-қимыл» халықаралық акциясы ресми түрде басталды. Акция аясында 20-дан астам іс-шара өткізу жоспарланса, бағдарламаға сай іскерлік кездесулер, қоғамдық диалогтар, шығармашылық акциялар, тренингтер мен көрмелер өтіп жатыр. Аталған акция әлемнің 180-нен астам елін біріктіретін әрі әйелдер мен қыздарға, балаларға қарсы зорлық-зомбылықтың әртүрлі формаларын (физикалық, психологиялық, цифрлық, тұрмыстық) жоюға шақыратын ауқымды бастама. Акцияның маңыздылығы – қоғамда зорлық-

зомбылыққа төзбеушілікті қалыптастырып, азаматтарды қорғау, көмек ресурстары туралы хабардар етеді. Бұған қоса, әйелдер мен балаларды қорғауға бағытталған ақпараттық-білім береді. Биылғы кампания аясында онлайн және цифрлық зорлық-зомбылық мәселелеріне ерекше көңіл бөлініп отыр. Биылғы жаңалық – UNICEF Қазақстан және серіктес ұйымдар балаларды онлайн сексуалдық эксплуатациядан қорғауға бағытталған арнайы бағдарлама бастады. Бұл мәселе қоғамға көбіне байқалмай келгенімен, жасөспірімдер мен балаларды қорғауда сандық қауіпсіздік те бірінші кезектегі басымдыққа айналды. Ақияға қатысушылардың пікірінше,

Алматыда әлеуметтік инфрақұрылым нысандарындағы қауіпсіздік шараларын күшейту жұмысы жалғасып жатыр. Алматы қаласының Коммуналдық инфрақұрылымжәнетұрғынүйинспекциясы басқармасы хабарлауынша, биыл мұндай нысандарда техникалық қауіпсіздік талаптарының сақталуын тексеруге бағытталған профилактикалық бақылау жүргізілді. Тексеру барысында 46 жеделсаты, 20 эскалатор, 4 траволатор және ерекше қажеттілігі бар адамдарға арналған 29 көтергіш құрылғы қамтылды.



ҚАЛА ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ

Алматыда жеделсаты, қазандық және газ жабдықтарының қауіпсіздігіне бақылау күшейді

Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Айта кеткен жөн, қалада жалпы 14 523 жеделсаты бар. Оның 8420-сы тұрғын үйлерде жұмыс істеп тұр. Пайдалану мерзімі 25 жылдан асқан 45 жеделсаты бар. 2025 жылы Әкімдіктің жобалық кеңсесінің қолдауымен 110 жеделсатаны жаңарту жоспарланып отыр. Сондай-ақ, Алматының жылу жүйесіне 158 қазандық және 512 қазан кіреді. «Алматы электр станциялары» АҚ балансында 3 қазандық пен 33 қазан тіркелген, олардың 32-сі нормативтік мерзімін өткен. Ал «Алматыжылужайэнерго» ЖШС-не қарасты 79 қазандық пен 303 қазанның 27-сін жаңарту қажет. Бұдан бөлек, қаладағы 84 тұрғын үй кешенінде орналасқан 479 көппәтерлі үйге жылу мен ыстық су беретін 76 жеке автономды қазандық жұмыс істейді. Мұндай жабдықтарды күтіп ұстау басқарушы компаниялардың есебінен жүргізіледі.

Газ жабдықтарының қауіпсіздігін арттыру үшін ТЖД, «Алматы Газ» АРЦ және БАҚ өкілдері жеке сектор мен коммуналдық-тұрмыстық тұтынушылар арасында бірлескен жоспарлы рейдтер ұйымдастырылып жатыр. Қаланың барлық ауданында газ жүйелерін пайдалану ережелерін түсіндіруге арналған айлықтар өтіп жатыр. Биыл профилактикалық шаралармен 22 сауда нарығы, 29 сауда-ойын-сауық орталығы, автономды қазандықтары бар 25 нысан, газдандырылмаған 24 жатақхана мен хостел, сондай-ақ 83 қоғамдық тамақтану орны қамтылды. Оның 30-ында қауіпсіздік талаптарын бұзу фактілері анықталды. Коммуналдық инфрақұрылым және тұрғын үй инспекциясы басқармасының мәліметінше, барлық тұтынушыларға газ жабдықтарын пайдалану тәртібі мен талаптарды бұзған жағдайда қолданылатын жауапкершілік түсіндірілген. Қаланың инфрақұрылым нысандарындағы тәуекелдерді төмендетуге бағытталған жұмыс жүйелі түрде жалғасып жатыр.

ҚАРЖЫ

ЖЫЛДАМ ӘРІ ҚОЛАЙЛЫ

Банкаралық жаңа төлем жүйесі таныстырылды

Алматыда қауіпсіз аударым амен төлем жасаудың банкаралық жаңа мобильді жүйесі таныстырылды. Бұл жобаны Ұлттық банктің Ұлттық төлем корпорациясы (ҰТК) Алматы қаласының Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында ортаға салды.

Нұржамал ӘЛІШ

Сала өкілдерінің айтуынша, бұл жылдам әрі қауіпсіз аударым мен төлем жасау үшін банктердің басын қосқан жаңа инфрақұрылымдық платформа саналады. Қазақстанның Ұлттық банкімен бірлесіп қолға алған бұл тың бастама ұлттық цифрлық қаржы жүйесінің маңызды элементі болып отыр. МТЖ қамтитын екі негізгі қызметіне телефон нөмірі арқылы банкаралық аударым (C2C – customer to customer) және QR-код арқылы банкаралық төлем (C2B – customer to business) тәсілдері кіреді. Телефон нөмірі арқылы ақша аудару – пайдаланушыға алушы тараптың банкіні көрсетіп, телефон нөмірін ғана жазып ақша жіберуге мүмкіндік береді. МТЖ арқылы жіберуші банк шоттың бар-жоғын тексеріп, аударымды бірыңғай банкаралық стандарттар бойынша іске асырады. Банкаралық аударым алғаш биылғы мамырда жасалды. Қазір бұл қызметке 8 банк қосылған. Олар: Halyk Bank, Банк ЦентрКредит, Freedom Bank, Home Credit Bank, RBK, Нұрбанк, Fortebank пен Altyn Bank. Ал банкаралық QR биылғы 30 қыр-

күйекте іске қосылды. Қазір бұл қызметке 6 банк қосылып отыр. Олар: Банк ЦентрКредит, Freedom Bank, Home Credit Bank, RBK мен Altyn Bank. Бұл жүйені Halyk Bank пилоттық режимнен өткізіп жатыр, жыл соңына дейін толық іске қосылады деп жоспарланып отыр. «Сервис кез келген банктің мобильді қосымшасы арқылы тауар мен қызметті төлеуге мүмкіндік береді. Бизнес енді бұрынғыдай бірнеше терминал орнатып әуре болмайды. Жүйе динамикалық және статикалық QR-ды қолдайды, сілтемелік формат пен антифрод қорғанысын да қолданады. Бұл реквизиттердің ауысып кетуіне де жол бермейді», – дейді ҰТК төлем жүйесін дамыту департаментінің директоры Райымбек Шаймерденов. Жүйенің артықшылығы қандай? • Ыңғайлылық пен жылдамдық. Банкке тәуелді болмай, телефон нөмірі мен QR-код арқылы оп-оңай төлем жасап, ақша аударасыз; • Цифрлық экономиканың өсуі. Жүйе ақша айналымын тездетіп, қолма-қол ақшаға тәуелділікті азайтады, әсіресе, ШОБ-қа тиімді. • Банк баскелестігін дамыту. Банктер клиенттің адалдығын арттырып, транзакция базасын кеңейтіп, жаңа цифрлық өнім жасай бастайды; • Қаржылық қолжетімділік және қауіпсіздік. Жүйе төлем қызметіне тең қолжетімділікті қамтамасыз етеді, антифрод-бақылау арқылы алаяқтықты тыйып, ақшасыз экономикаға көшуді қолдайды. «Қазақстан банктері бұл жүйеге кезең-кезеңімен қосыла бастайды. Бұл одан да көп клиенттің ыңғайлы әрі қауіпсіз банкаралық төлем мен аударым жасауына сеп болады», – дейді Ұлттық төлем корпорациясының мамандары.



ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК

Әлем елдерінің цифрлық технологияларға ойысуы соңғы жылдары бұрын-соңды болмаған қарқын алды. Әсіресе, төлем жасау саласында жаңа форматтар, инновациялық шешімдер, қауіпсіздік жүйелері күннен-күнге жетіліп келеді. Қазақстан да бұл үдерістен қалыс қалып отырған жоқ. Бүгінде Алматы қаласында биометриялық төлемдердің белсенді енгізілуі айқын байқалады.



БИОМЕТРИЯЛЫҚ ТӨЛЕМДЕР БУМЫ

Жаңа технологияны алматылықтар қалай қабылдады?



ЦИФРЛЫҚ МӘДЕНИЕТ

Алматыда биометриялық төлемдердің енгізілуін тек қаржы саласының жаңалығы деп қабылдауға болмайды. Бүгінде цифрлық мемлекеттік қызметтер, онлайн медицина, қашықтықтан оқыту, смарт көлік жүйелері секілді салалар дамып келеді. Осындай ортада төлемнің де биометриялық форматқа көшуі заңды құбылыс. Дүкендерде, супермаркеттерде, қоғамдық көліктерде биометриялық құрылғылар орнатылуы да уақыт еншісінде. Мысалы, Қытайдағы кей қалаларда метроға бет-әлпетпен кіріп, шыға беруге болады, ал АҚШ-та кей кофеханаларда тапсырыс берудің неше түрлі әдістері қолданыста. Алматының болашағы да осы үрдіске ұқсас болуы мүмкін.

Биометриялық төлемдердің әлеуметтік әсеріне келсек, бұл жүйе қолма-қол ақша қолдануды азайтады, көлеңкелі экономиканың деңгейін төмендетуге ықпал етеді, қаржы айналымын ашық етеді. Көп адамдар карта не телефон жоғалтып алса, банкке хабарласып, бұғаттап, қайта шығарту сияқты ұзақ процестерге тап болады. Ал биометрияда адам өз алақанын жоғалта алмайды, ол әрқашан қасында. Бұл – қауіпсіздік тұрғысынан да, ыңғайлылық жағынан да артықшылық. Сонымен қатар, технологияның дамуы мүмкіндігі шектеулі азаматтар үшін де тиімді: көзі нашар көретін немесе өзге де мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін алақанмен төлем әлдеқайда ыңғайлы.

Кез келген инновация секілді, биометриялық төлемдер де сын-қатерімен қатар келеді. Біріншіден, жекелеген азаматтар цифрлық технологиялардан алшақ, смартфон қолдануды қиынсынатын буын өкілдері үшін жаңа жүйеге үйрену оңай болмайды. Екіншіден, қате сканерлеу жағдайлары кездесуі мүмкін. Үшіншіден, биометриялық құрылғылардың қазіргі бағасына байланысты барлық сауда нүктелері орната бермейді. Егер мемлекет немесе банк тарапынан субсидия болмаса, шағын дүкендер бұл жабдықты өз қаражатына сатып ала қоюы екіталай.

Алматы тұрғындарының пікірін талдай келе, жаңа жүйеге толық сенім әлі қалыптаспағанымен, қызығушылық жоғары екені байқалады. Көп адам алғашында күмәнданып, кейін бір рет қолданып көрген соң сенімі арта түсетіндей. Демек, жаңа тәсілдің болашағы бар екенін білеміз. Яғни адам психологиясы жаңа нәрсеге бейімделу үшін уақыт қажет етеді. Алматы да дәл осы кезеңді бастан өткеруде. Ертең алақанмен төлеу біз үшін смартфонмен төлеу сияқты қалыпты әрекетке айналуы әбден мүмкін. Ең бастысы – қауіпсіздік стандарттарын күшейту. Алматы – жаңашылдықты тез қабылдайтын, технологияға бейім қала. Бұл үрдіс алдағы жылдары тек күшейе түсетіні сөзсіз.

Аяжан
СЕРІКҚЫЗЫ

✓ СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

Бауыржан ЫСҚАҚ, экономист:



ТИІМДІ ЖҮЙЕ

«Алақанмен төлем әдісі тез дамып келе жатқан технологиялардың бірі, елімізде де ақырындап енгізілуде. Мұндай жүйе қолма-қол ақшасыз төлемді арттырып, көлеңкелі экономиканы төмендетеді және салық түсімдерін көбейтуге ықпал етеді. Сонымен қатар, қаржы айналымының ашықтығы артады, жалған ақпараттың таралуына тосқауыл қойылады, алаяқтық деңгейі азаяды. Цифрлық технологиялардың дамуына да оң әсерін тигізеді.

Жаңа әдістің тиімділігі – клиенттер үшін төлемнің жылдам жүзеге асуы. Супермаркеттер, фастфуд және кофеханалар үшін бұл нақты үлес болып табылады. Картамен төлем кезінде болатын алаяқтық әрекеттер алақанмен төлем әдісінде мүлде азаяды. Соның өзі клиенттерді тартуға ықпал етеді. Инновацияны жылдам енгізген бизнес осы артықшылық арқылы тез дамиды, заманауи және қауіпсіз төлем жүйесі өзіне-өзі клиент әкеледі. Әрине, терминал мен құрылғыларды орнату, комиссиялық төлемдер секілді белгілі шығындары бар. Дегенмен, алақанмен төлем жалпы ел экономикасы үшін тиімді, шағын және орта бизнес үшін шығыннан гөрі пайдасы көп.

да да жағдай осыған ұқсас болды: бастапқыда сақтық болғанымен, технологияны байқап көргендердің пікірінше, бұл әдіс өте жылдам, карта жоғалтудан қорықпайсың, банк қосымшасын ашып әуре болмайсың. Әсіресе, қолы затқа толы адамдарға, аялдамада, дүкенде, банкоматта кезек күткендер үшін бұл әдіс ыңғайлы болары сөзсіз.

ЖАСТАР ЖЫЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ

Биометриялық төлемдерге алғаш болып қызығушылық танытқан – жастар. Университет студенттері, IT саласында жұмыс істейтіндер, жаңа технологияны тез меңгеретін қала тұрғындары бұл жүйені сынап көріп, әлеуметтік желілерде тәжірибесімен бөлісуде. Мысалы, «ТикТок»

желісінде біршама алматылық азаматтар Kaspi терминалынан алақанмен ақша алған сәтін видеоға түсіріп, парақшаларына бөлісіп, қызықтады. Олардың айтуынша, бұл әдістің ешқандай қиындығы жоқ, саусақ бедер мен алақан ізінді бір-ақ рет тіркейсің, келесі жолы терминал оны жазбай таниды. «Карта жоғалса да, қолың бәрібір жанында» деп жазып жатқандар да болды.

Әлбетте, мұндай пікірлер технологияға деген сенімді күшейтсе де, күмәнмен қарайтындар да бар. Әсіресе, орта жастардағы қала тұрғындары бұл технологиядан әлі де сеніп кетпейтіндей. Соның бірі – менің анам. Оған бұл әдісті қолдануды ұсынғанымда алаңдаушылығын жасырған жоқ. «Әдетте, егде жастағы адам



Картамен немесе смартфонмен төлеу үйреншікті әрекетіне айналған. Ал алақанмен, бет-әлпет арқылы төлеу секілді жаңа тәсілдер көпшілік үшін әлі де таңсық. Дегенмен, Kaspi сияқты ірі қаржы платформалары алақан арқылы төлемді енгізе бастауымен бұл технология өмірімізге жақындай түсті. Қазіргі таңда Kaspi терминалдарынан ақша алу кезінде алақан сканері қолданылады. Бұл жаңашылдық қоғамдық талқыға түсіп, тұрғындардың сенімі мен көзқарасын әр қырынан ашып отыр. Қала тұрғындары үшін басты сұрақ – қауіпсіздік, биометриялық деректердің қорғалуы деңгейі. Соған қоса, технология шынайы өмірде ыңғайлы ма, әлде қажеттілігі шамалы ма?

АЛМАТЫЛЫҚТАРДЫҢ АЛАҢДАУЫНА НЕ СЕБЕП?

Алматы – жастар көп шоғырланған, бизнесі дамыған, цифрлық мәдениеті жоғары мегаполис. Сондықтан елімізде кез келген инновация ең алдымен осы қалада сыналып, бағасын алады. Көптеген алматылықтар биометриялық төлемді алғаш естігенде, «Менің алақанымды кім көріп, не үшін сақтайды?», «Бетімнің суреті қайда кетеді?», «Деректерім қауіпсіз бе?» деген сұрақтарға жауап іздеді.

Анығында, мұндай мәселеге алматылықтарды ғана емес, әлемнің өзге елдерінде де болды. Айталық, Жапонияда бет-әлпетпен төлеу жүйесі алғаш енгізілгенде, тұрғындардың 40 пайызы жеке деректердің қауіпсіздігіне күмән келтірген. Алайда, уақыт өте технологияның тиімділігі дәлелденген соң, қолданушылардың үлесі бірнеше есе өскен. Алматы-



БІРІККЕН КҮШ – ҮЛКЕН НӘТИЖЕ

«Narcostop» жобасы қорытындыланды

Алматыда Жастар саясаты басқармасының қолдауымен жүзеге асқан «Narcostop» жобасы қорытындыланды. Ауқымды жобаның нәтижелерімен Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз жиынында жоба жетекшісі Нұржан Жақыпов таныстырды. Оның айтуынша, команда елдегі есірткі таратудың әдіс-амалына зерттеу жүргізіп, салалық мекемелерге арналған сараптамалық материал мен ұсыныстар даярлаған.



ның алдын алу бойынша 20 дәріс өтіп, ол 1950 адамды қамтыған.

«Жоба аясында Call-орталық пен сенім телефоны жұмыс істеді. Мамандар бір жыл ішінде 211 өтініш қабылдап, оларды өңдеп шықты», – дейді жоба жетекшісі.

Бөлек құқықтық топ есірткіге тәуелді адамдар мен олардың отбасыларына 468 тегін кеңес беріліп, сондай-ақ жасөспірімдер арасындағы қауіп-қатерді ерте анықтау жөнінде ата-аналарға арнап ұсыныс та даярланған. Сондай-ақ, жасырын тәуелділер қауымдастықтарымен үзбей кездесу өткізген.

Есірткінің қоғамдық залалының алын алуда оны зерттеу бағыты да маңызды блок саналады. Сондықтан да «Narcostop» аясында есірткі қолданатын 1000 жас бойынша анонимді талдау жүргізілді, синтетикалық есірткінің алдын алу мен емдеу тиімділігіне сараптама жасалды, онда кәмелетке толмағандарға жасырын мекемелерлік көмек берудің қажеттілігі айтылған.

Жобаның негізгі бағытының бірі – тыйым салынған контентті онлайн

бақылау. Жұмыс барысында 797 ресурс анықталып, бұғатталды, оның ішінде 726 Telegram-арна мен есірткі таратқан 71 интернет-дүкен бар. Автоматтандырылған бақылау жүйесін әзірлеу басталды. Цифрлық профилактиканы күшейту үшін онлайн-курс әзірленіп, ол 19 833 қаралым жинады. 12 000-нан астам қаралымы бар оқу мен ақпараттық роликтер дайындалды. Киберволонтерлік туралы ақпараттық ресурс құрылып, оның материалдарын 10 819 адам көрді.

«Narcostop» жобасы аясында Алматы қаласында да маңызды ауқымды іс-шаралар өткізілді. Мысалы: наркограффитиді бояу бойынша 112 акция, оған 783 ерікті қатысты; есірткіге қарсы күрес күніне арналған қалалық митинг өтті; 1 млн. теңге жүлде қоры бар «Есірткісіз әлем» байқауы; блогерлермен пресс-тәBreakfast және алты баспасөз конференциясы; жоба барысы туралы БАҚ-та 200-ден астам мақала шықты;

Еріктілердің ең үлкен жетістігі – 3000-нан астам наркограффитиді жойды. Сонымен қатар, жоба жұмысы БҰҰ Есірткі құралдары жөніндегі комиссиясының (CND) 68-сессиясында таныстырылды. Команда АҚШ-та білім алып, тәжірибе алмасып келіп, ел ішінде жасөспірімдерге арналған спорттық іс-шаралар мен бағдарламаларды қолдауды жалғастырды.

«Narcostop» жобасы қоғам ортақ іске біріккен кезде көп жетістікке жететінін тағы бір мәрте дәлелдеді», – деп қорытындылады Нұржан Жақыпов.

ОНЛАЙН ҚАУІПТЕН ҚОРҒАНЫҢЫЗ!

Алматыда әйелдердің цифрлық қауіпсіздігі талқыланды



Суретті түсірген Самат Құсайынов.

Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты жою Халықаралық күніне орай, Алматыдағы «Родничок» білім беру орталығында әйелдердің цифрлық қауіпсіздігі талқыланды. «Мен цифрлық зорлық-зомбылыққа қарсымын» тақырыбындағы басқосуды Қазақстан халқы Ассамблеясының Алматы қаласындағы Аналар кеңесі ұйымдастырды. Оған дәрігерлер, жоғары оқу орындарының оқытушылары, қоғам қайраткерлері мен ата-аналар қатысты.



Аяжан
СЕРІКҚЫЗЫ

Іс-шара барысында мамандар бүгінгі цифрлық заманның қауіптерін кеңінен түсіндірді. Кибербуллинг, жеке деректерді рұқсатсыз тарату, онлайн-қудалау, әлеуметтік желілердегі психологиялық қысым, бақылаушы қосымшалар арқылы цифрлық қудалау сияқты қауіптердің әйелдерге тигізетін ықпалы талқыланды. Сарапшылар мұндай әрекеттердің адам құқығын бұзып қана қоймай, тұлғаның психологиялық

саулығына, әлеуметтік өміріне, тіпті қауіпсіздігіне тікелей әсер ететінін атап өтті.

Сонымен қатар, кездесу барысында қатысушылар цифрлық мәдениетті қалыптастырудың маңызын, онлайн кеңістікте өз құқықтарын білу қажеттігін және қорғану тетіктерін меңгерудің өзекті екенін сөз етті. Әсіресе, жас қыздардың интернеттегі жүріс-тұрысы, қауіп-қатерді алдын ала тану қабілеті мен ата-аналардың цифрлық сауаттылығы басты назарға алынды.

Алматы қаласы Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары Махинұр Исраилова талқы ба-



рысында әйелдерге қатысты цифрлық зорлық мәселесіне назар аударуға шақырды.

– Өкінішке қарай, қазіргі кезде жастардың көпшілігі осы цифрлық қысымның құрбанына айналып жатыр. Гендерлік сипаттағы зорлық-зомбылықтың технология арқылы жасалуы – интернет пен әлеуметтік желілерде кең тараған құбылыс. Бұл жағдай біздің балалардың қауіпсіздігіне тікелей әсер етеді. Сол себепті, Алматы қаласының Аналар кеңесі ата-аналарды балаларына аса мұқият әрі қамқор болуға шақырады, – деді ол.

Алматы қаласы ҚХА төрағасының орынбасары Аналар кеңесі жағынан ұсынылатын бағдарламаларды да таныстырды. Айталық, «Кешкі шай» дәстүрі, онда кешкі астан кейін балаңызбен отырып шай ішіп, оның күні қалай өткенін, кіммен сөйлескенін, қандай ой түйгенін сұрау. Тек осындай ашық әңгіме арқылы ғана баланың бүгін не сезініп жүргенін білуге мүмкіндік туатынын айтады.

Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты жою Халықаралық күні – әлем елдерінде әйелдерге жасалатын зорлық-зомбылыққа назар аударуды көздейтін атаулы күн. Қазіргі таңда зорлық-зомбылықтың түрі тек физикалық немесе психологиялық шеңбермен шектелмей, цифрлық кеңістікке де ауып отыр. Сол себепті, «Мен цифрлық зорлық-зомбылыққа қарсымын» атты кездесудің өзектілігі айрықша сезілді.

ЭНЕРГЕТИКА

АТОМ ЭЛЕКТР СТАНЦИЯСЫ

Кешенді жоспар жобасы бойынша жұмыс басталды



Қазақстан Республикасы Атом Энергиясы жөніндегі агенттігі Үкіметпен бірлесіп, атом электр станциясын салу кезінде өндірісті оқшаулауды дамытуға бағытталған Кешенді жоспар жобасын әзірлеуге кірісті. Бұл туралы ведомствоның баспасөз қызметі хабарлады.

Агенттікте өткен кеңесте бірінші АЭС құрылысы аясындағы отандық кәсіпорындардың жобаға қатысу мүмкіндіктері, технологиялар трансферті, жергілікті өнеркәсіпті қолдау және жаңа жұмыс орындарын құру мәселелері жан-жақты талқыланды.

Талқылау барысында станса құрылысындағы шығындардың елеулі бөлігі қосалқы инфрақұрылымға, инженерлік жүйелерге, құрылыс материалдарына және алуан түрлі сервистерге бағытталатыны атап өтілді. Бұл өз кезегінде қазақстандық өндірушілер мен мердігерлер үшін кең мүмкіндіктер ашатыны белгілі болды.

Кеңесте қойылған негізгі міндеттердің қатарында өнеркәсіптік кәсіпорындарды атом саласының талаптарына бейімдеу, технологиялар трансферін жүйелі ұйымдастыру, жергілікті өндірістік қуаттарды дамыту және тұрақты жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету мәселелері бар.

Маңызды шешімдердің бірі – атом энергетикасы саласы үшін тауарлар, жұмыстар мен қызметтер жеткізушілерінің арнайы тізілімін құру. Мұндай тізілім саланың ашықтығын арттырып, сапаны бақылауды күшейтіп, жобаға қатысуға тең қолжетімділік береді. Тізілімнің жұмысын қамтамасыз ету үшін жеткізілімдердің ашықтығын, жеделдігін, сапасын және қауіпсіздігін қамтамасыз ететін цифрлық платформа әзірленбек.

Кеңес барысында АЭС құрылысы кезінде оқшаулауды дамытудың Кешенді жоспарының негізгі элементтері таныстырылды. Жоба ағымдағы жағдайды талдауды, оқшаулаудың перспективалық бағыттарын айқындауды, өнеркәсіпті ынталандыру тетіктерін және мемлекеттік қолдау шараларын қамтиды.

– Біз тек білікті және сенімді қызмет көрсетушілерді тартуға мүмкіндік беретін жүйе қалыптастырып жатырмыз – бұл атом жобаларының қауіпсіздігі мен тиімділігінің негізі. Кешенді жоспарды іске асыру отандық өнеркәсіп кәсіпорындарының едәуір бөлігін жаңғыртуға, бірнеше жүздеген қазақстандық компанияны жеткізілім тізбегіне тартуға және жаңа өндірістердің ашылуына жол ашады. Бұл шағын және орта бизнестің дамуына, жаңа жұмыс орындарының құрылуына, өңірлік инфрақұрылымның жақсаруына серпін береді, – деді Агенттік төрағасы А.Сәтқалиев.

Кеңес қорытындысы бойынша, өнеркәсіп пен құрылыс секторының жағдайына терең талдау жүргізу туралы шешім қабылданды. Мемлекеттік органдарға ұсынылған Кешенді жоспар жобасын қарап, ұсыныстар енгізу тапсырылды. Сонымен қатар, жеткізушілер тізілімін құру және оның жұмысын қамтамасыз ететін цифрлық платформаны іске қосу бағытындағы жұмыстар жалғасады.

Әзірлеген Қ.ЖҰМАДИЛОВА.



ХАЛЫҚ ЖҮРЕГІНДЕГІ ҚАЛАМҒЕРЛЕР

Қазақ әдебиетінің
алыптарына арналған
көрме ашылды

ҚР Ұлттық орталық музейінде қазақ әдебиетінің көрнекті тұлғалары – Сәбит Мұқановтың 125 жылдығына, Мұхаметжан Қаратаевтың 115 жылдығына, Ілияс Есенберлиннің 110 жылдығына, Жұбан Молдағалиевтің 105 жылдығына, сондай-ақ Адам Мекебаев пен Мұхтар Мағауиннің 85 жылдығына арналған «Халық жүрегіндегі қаламгерлер» атты кең көлемді көрме ашылды. Экспозицияда қаламгерлердің жеке заттары, қолжазбалары, сирек басылымдары, фотосуреттері мен мұрағаттық құжаттары қойылған.



Аяжан
СЕРІКҚЫЗЫ

Көрменің негізгі мақсаты – XX ғасыр әдебиетінің ірі өкілдерінің шығармашылық мұрасын кеңінен таныстырып, олардың ұлт руханиятына қосқан өлшеусіз үлесін насихаттау. Іс-шара барысында қаламгерлердің өмір жолы, әдеби-сын еңбектері, қазақ прозасы мен поэзиясына әкелген жаңашылдығы туралы деректер ұсынылды. Сонымен қатар, көрмеге келген қаламгерлердің туыстары мен ұрпақтары жүрекжарды естеліктерімен бөлісіп, толқыныстарын жасыра алмады. Салтанатты ашылу рәсіміне әдебиеттанушылар, қоғам қайраткерлері, студенттер және зиялы қауым өкілдері қатысып, қаламгерлердің ұлттық руханияттағы орны мен мұрасының бүгінгі ұрпақ тәрбиесіндегі маңызы жөнінде өз пікірлерін білдірді.

ҚР Ұлттық орталық музейі директорының орынбасары Арайлы Бақытқызы көрменің мән-маңызына тоқталып өтті:

«Өшпес орны бар көрнекті тұлғаларға және халық жүрегіндегі қаламгерлерге арналған бұл көрменің ашылуы – ұлттық әдебиетімізге көрсетілген зор құрметтің белгісі. Тарихы 100 жылдан асатын Ұлттық орталық музей қоры көрнекті қаламгерлерге қатысты құнды жәдігерлерге бай. Бұл көрме – бай әдеби мұрамыздың жарқын көрінісі ғана емес, ұлтымыздың рухани қазынасын қалыптастыруға өлшеусіз үлес қосқан қаламгерлерге деген ризалықтың белгісі. Әдебиет арқылы халықтың тарихи жадын сақтау – музейдің басты міндеттерінің бірі», – деді ол.

Әдебиеттің алып тұлғаларының шығармашылығы қазақ қоғамының мәдени-рухани дамуына ерекше ықпал еткені белгілі. Академик-жазушы Мұхаметжан Қаратаевтың ғылыми еңбектері, Ілияс Есенберлиннің қазақ тарихын терең танытқан тарихи романдары, Жұбан Молдағалиевтің патриоттық жырлары, Сәбит Мұқанов пен Адам Мекебаевтың көркем прозасы көрменің негізгі мазмұнын құрайды.

МОЛДАХМЕТ КЕНБАЕВ – 100



ТРЕТЬЯКОВТЫҢ ТӨРІНДЕ ТҰР



Ұлттық әдебиетіміздің бастауына көз жібергенде, алдымен Ұлы Мұхаң – Әуезовтен бастап «алыптар тобын» ауызға аламыз. Сол секілді, ұлттық бейнелеу өнеріне келгенде де алдымен оның алыптарыңыз сөз бастау мүмкін емес. Мәселен, Ә.Қастеев, О.Таңсықбаев, Ә.Ысмайыловтарды «бейнелеу өнерінің Бейімбеті, Әуезові» десе де болғандай емес пе!? Сондай есімі ерекше ілтипатпен аталатын тұлғаның бірі де бірегейі, Қазақстанның Халық суретшісі Молдахмет Кенбаев еді.

1940 жылы Алматыда «Көрікті бақшаның гүлдері» атты ұжымдық жинақ жарық көрді. Онда үлкен өнерге талпынған жасөспірімдердің бояуы әлі кеппеген балғын туындылары жариялануы бұл дүниенің ерекше сипатын білдіретін еді. Солардың ішінде он бес жасар Молдахмет те бар болатын. Жинаққа оның «Жаңа Қазақстан» атты алғашқы картинасы енді. Әйтсе де, осы бір балаң туындысымен-ақ ол айналадағы дүниені көркемдікпен сезініп, түйсінуді, эстетикалық таным-түсінігінің қалыптаса бастағандығын байқата білген болатын. Сол кезде-ақ бірқатар өнер мамандары оның алғашқы аяқ алысындағы таудай талапқа ерекше үміт артты.

Кейіннен Молдахметтің осы жинаққа шыққан туындысы балалар суреттерінің Бүкілодақтық көрмесіне қатысуға жолдама алды. Бұл – 1940 жылдың күз айы еді. Ол кезде мектепті де үздік бітірген болатын. Үлкен өнерге деген алғашқы қадамы осылай құтты болды. Бірақ өнер жолы бұған әлі де көмескілеу көрінді. Оның жұмбақ, сиқыры оқып-үйренуде екенін білді. Көркемдік әлемінің сан қырлы құпиясын білуге деген ынтызарлық оның жанына тыным бермеді.

Сонша алғыр, аңғарымпаз болар ма!? Оның үстіне бағына қарай ұлы Репиннің өзінен тәлім алған ұстазының өнер туралы айтатын терең әңгімелері бала қиялын қанаттандырып, алыс арманға жетеледі. Ақыры ол мектеп бітірісімен көп ойланбастан, 1941 жылы Алматы театр-көркемсурет училищесіне түсті. А.Черкасский, П.Леонтьев сынды тарлан суретшілерден дәріс алды. Ұстаздар алдында ол өзінің кескіндеме, композиция негіздерінен мектеп қабырғасынан хабары бар екендігін, әрі соны біршама игеріп қалғанын дәлелдеп, зеректік танытты.

Киелі де қасиетті өнердің өз қиындығы, сұрлеу, соқпағы болатыны белгілі. Сол жолда кедегілер де кездеспей қалмайды. Оның үстіне бұл кенже дамыған біздің ұлттық бейнелеу өнерінің де әлі даңғыл жолға түсе қоймаған кезеңі еді. Сондықтан өзінің өзгеге ұқсамайтын қолтаңбасымен көрермен назарын аудара бастаған М.Кенбаев сынды суретшілердің аянбай тер төгуі ауадай қажет болды. Ұлттық өнеріміздің өмірімізге дендеп еніп, кәсіби деңгейге көтерілуі қаншалықты қиын болған болса, Кенбаевтар да соншалықты сұрапыл жұмыс-

қа жегілді. Ұлт кеңістігіне еуропалық, орыстық болмыс еркін ене бастаған тұста ұлттық намыс дегеннің не екенін терең зерделеп, туған өнер үшін оның отына күйге, суығына тоңуға тура келді. Осы тұста бір ғана Кенбаев емес, Қ.Телжанов, С.Мәмбеев, Н.Нұрмұхамедов сынды жас аралығында айырмашылық болса да, қанаттасып шыққан суретшілер де жанығып, жанкешті жұмыс жасады.

Шығармашылығында шынайы бейнелеу мен қарапайымдылықты басты ұстаным еткен Кенбаев қай кезде де алдыңғы толқын ағаларын үлгі етті, олардан үйренгені де көп еді. Әсіресе, тұңғыш кәсіби суретшіміз, бейнелеу өнеріндегі «Бейімбетіміз» – Әбілхан аға Қастеевті үнемі еске алып отыратын. Тұла бойы тұнған қазақтылық осы бір қасиетті қара шалға бар бейілімен борыштар еді.

«Асылы өнердегі асып-таспау, әр детальға дейін барлап зерттеу, төзімді болу сынды ерен қасиеттер біздің бүгінге дейінгі көп суретшілерімізге сол кісіден үлгі болып қалды», – деп отыратын Молдекең.

1951 жылы Молдахмет ол тұста қазақ баласының түсіне де кіре бермейтін В.Суриков атындағы Мәскеу мемлекеттік көркемсурет институтына түсті. Мәскеу мұның балаң мүмкіндіктеріне күтпеген жерден жол ашты. «Сенежадағы қыс», «Сенежадағы көктем», «Солнечногорскідегі көктем» атты туындыларымен кейбір менменсіген мәсеуліктердің мысын басты. Қысқасы, кең тынысты композицияның асқан шебері П.Решетниковтың шеберханасында өзін еркін сезінуі шығармашылығына соны серпін беріп, іргелі ізденіс жолына түсті. Соның нәтижесінде «Жаралы А.Болконский», «Аяқ суыту», «Өнер зерттеушісінің портреті» атты туындыларымен кең таныла бастады. Бұл сәттерді оның өзін шын суреткер ретінде сезіне бастаған барақатты күндері деуге де болатын шығар.

Молдахмет Кенбаевтың шығармашылықтағы шыққан биігін саусақпен санамалай алмайсың. Бұл бір ұшы-қиырына көз жетпейтін байтақ. Оның мағына, мазмұнын таратып айту үшін арнайы монография жазылу керек. Ең бастысы, ұлттық бейнелеу өнерін енді қайтып тумас шедеврлерімен мәңгілікке байытып кетті. Бейнелеу өнерінің алуан түрлі жанрындағы жазылған туындылары Шығыс халықтарының өнержайында,

өзіміздің Ә.Қастеев атындағы мемлекеттік көркемөнер мұражайында арнайы залды құрап тұр.

Әдетте бейнелеу өнерінде «палитрасы бай», «палитрасы ұстамды» деген тіркестерді жиі кездестіреміз. Бұл суретшінің бояу қолданысын, ойлау масштабын білдіреді. Суретшінің сан қырлы шығармашылығына осы екі тұрғыдан да назар аударуға болады.

Ойымызды орнықтыра түсу үшін «Сарыарқа» атты романтикалық психологиялық сезімге бай пейзажын алып қарайық. Осынау жазиралы полотноның орта шенінде тұрған күй атасының бейнесі тым айбынды, тым әсерлі. Оның бойындағы қара, сұр, селдір бояулардың сырын айтпай-ақ түсінесіз. Шығарманың әсерлілігі сонда – қария болмысына, көгілдір кеңістікке дамылсыз тарап жатқан күй сазына еріксіз елтисіз. Сол күй сарынымен бірге жаныңызға нұрлы шуақ құятын бір мажорлы жылы леп желпіп өтеді. Әрі даланың сарғыш кейпі, күміс, меруерт бояулар күй табиғатынан, ұлы сарынның айтпағынан мол хабар беретіндей.

Кенбаев даланы сүйді. Олсыз ұлт суреткері болу мүмкін де емес екенін ол әу баста көкірегіне мықтап түйген. Сол даланың кеңдігіне, паңдығына, тіл жетпес көркемдігі мен кемелдігіне ғашықтығын «Шопан әні», «Қашағанға құрық салу», «Әңгіме үстінде», «Қыстауда», «Құрманғазы» атты сыршыл лиризмге толы туындыларынан айқын аңғаруға болады. Далаға тартып туған тұлғаның болмысы тұнып тұр онда. Ол өз мүмкіндігін тек майлы бояумен емес, монументтік салада да терең байқатып, шығармашылықта сан қырлы екендігін де көрсетті.

Суретшінің өнердегі ұлт деңгейін шырқау биікке көтеріп, бағындырған белестері де айтарлықтай. Алайда, мына бір жетістіктің тұрқы да, тұрпаты да бөлек.

1958 жылы Мәскеуде қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігі өтті. Осы айтулы мереке қарсаңында оның шеберханасына М.Әуезов, О.Таңсықбаев сынды тау тұлғалар бастаған сарапшылар келіп, оның туындыларын іріктеуден өткізеді. Бұл тұста суретші «Қашағанға құрық салу» атты кең тынысты пейзажының жобасын аяқтап қалған болатын. Полотноға бірден назары ауған ұлы Мұхаң: «Пәлі, Оралжан, Молдахметтің мына асауларын қара. Кенеп бетіне сыймай тұр ғой!» деп қатты қайран қалады. Содан жас жүйріктің бойына Мұхаң құйған жігерден кейін бұл ерекше толқу сезіммен күн-түн демей жұмыс істейді.

Айтқандай, онкүндік кезінде көрер-аменді таңқалдырған осынау даланың даралығы мен даналығын паш еткен туындыны атақты Третьяков галереясы аттай қалап алады. Бұл – республика бейнелеу өнерінің аса ірі жеңісі еді. Міне, сол туынды қазақ рухын асқақтатып, Третьяковтың төрінде тұр. Оны көрген әлемнің әр қиырынан келген көрермен әлі күнге дейін тамсанып, таңдайының суын жұтып қайтады.

Қали СӘРСЕНБАЙ.



ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ



РОБОТТАР ҚОҢЫРАУ ШАЛАДЫ

Емханалардың елгезек көмекшілері кімдер?

Бүгінде Алматының барлық емханасында ADMC жобасы аясында дауыстық роботтар енгізілген. Олар күн сайын қала тұрғындарына екпе алу, скрининг, флюорография және профилактикалық тексеруден өту туралы жүздеген қоңырау шалып отырады.

Бұрын бұл жұмысқа медбике күніне небәрі 15–20 қоңырау ғана шалып үлгеретін және көп уақыт пен эмоционалдық күш жұмсайтын. Енді күнде қайталанатын бұл шаруаны автоматты жүйе тындырады: робот пациентпен кері байланыс орнатып, тексеруден өту қажеттілігін алдын ала еске салады.

«Дауыстық роботтар біздің жұмысымызды едәуір жеңілдетті. Енді біз пациенттермен сөйлесуге және сапалы медициналық көмек көрсетуге көбірек көңіл бөле аламыз. Бұл уақыт пен күш-қуатты үнемдейді, ал қала тұрғындары профилактикалық тексерулер туралы дер кезінде хабардар болып отырады», – дейді №3 қалалық емхананың медбикесі Бақыт Құсайынова.

Роботтар қазақ және орыс тілдерінде сөйлейді және жауап алғанға дейін қоңырау шалуды жалғастыра береді. Олар жасанды интеллект жүйесінің арқасында мыңдаған қоңырауды бір уақытта өңдей алады. Бұл емханалар қызметінің тиімділігін арттырып, қызметкерлердің жұмысын да жеңілдетеді.

Бұл жобаны денсаулық сақтау саласының негізгі сервистерін біріктіретін заманауи цифрлық Almaty Digital Medical Center медицина орталығы жүзеге асырған. Онда денсаулық көрсеткішін бақылап, дәрігерлерге науқастарға көбірек уақыт бөлуге мүмкіндік беретін 1312 бірыңғай байланыс орталығы жұмыс істейді. Сондай-ақ, телемедициналық патронаж және онлайн-кеңес енгізілген. Бұл қызметтер де медициналық көмекті қолжетімді әрі ыңғайлы етеді.

ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯ

АЛМАТЫ ХИРУРГТАРЫ

робот-ассистент көмегімен ота жасайды

Келесі жылы Алматы қалалық Жедел шұғыл көмек көрсету ауруханасына тізе буынын робот-ассистент көмегімен эндопротездеуге арналған жабдық сатып алу жоспарланып отыр.

Робот-ассистентпен жасалатын әдістер буынды жартылай, толық және ревизиялық ауыстыруға қолданылады. Протез компоненттерін жоғары дәлдікпен орнату асқыну қаупін төмендетеді және пациенттердің қалпына келу процесін жеделдетеді.

Жуырда аталған аурухананың травматология және ортопедия

МЕГАПОЛИС МЕДИЦИНАСЫ

Алматы қалалық Кардиологиялық орталығында алғаш рет жүрек трансплантациясы жасалды. Реципиент пациент терминалды созылмалы жүрек жеткіліксіздігі диагнозы қойылған 34 жастағы ер адам. Ауруының өршуіне байланысты оған трансплантация қажет болған.

Донор инсультпен ауыр гипертензиясы бар 50 жастағы әйел болды. Ол шұғыл түрде Алматының Орталық қалалық клиникалық ауруханасына жеткізілді. Әрі қарай дәрігерлер консилиумы мидың өлімін анықтап, оның қайтыс болғаннан кейінгі донорлық мүмкіндігін растады. Туыстары келісім берді, содан кейін донорлық процесс ұйымдастырылды.

Барлық кезеңді ұйымдастыруды және үйлестіруді ҚР ДСМ Транспланттауды және жоғары технологиялық медициналық қызметтерді үйлестірудің Республикалық орталығы қамтамасыз етті.

Жүрек трансплантациясы операциясы бес сағаттан астам уақытқа созылды және сәтті аяқталды. Оны Алматы қалалық Кардиологиялық орталықтың және УМС корпоративті қорының (Астана) мультидисциплинарлық тобы орындады. Операцияға ҚКО директоры Ермағамбет Куатбаев пен УМС корпоративтік қоры басқармасының төрағасы, профессор Юрий Пя жетекшілік етті. University Medical Center-дің командасы ақпаратты алғаннан кейін бірден Алматыдағы әріптестеріне қолдау көрсету үшін ұшып шықты.

ОҢАЛТУ БАҒДАРЛАМАСЫ

ЖҮЙЕЛІ ЕМ ЖӘРДЕМ БЕРДІ

Алматының №7 қалалық Аклиникалық ауруханасының оңалту бөлімінен ем алған 63 жастағы науқастың жағдайы жақсарды. Оған ми қан айналымының жіті бұзылуы деген диагноз қойылған болатын.

Инсульт алған әйелдің оң жақ қол-аяғы қозғалыссыз қалған және иық буыны жанына батып ауырған. №7 ҚКА-ның реабилитолог-дәрігері Насиба Махмутованың айтуынша, емдеудің қиындығы қозғалыс бұзылыстары мен қатты ауырсынудың қатарлас келуінде болған көрінеді.

«Науқасқа инсульт бөлімшесінде консервативті емдеу әдісі сәтті жүргізілді. Одан әрі біздің оңалту бөлімшесінде оған жеке бағдарлама, атап айтқанда, ЕДШ, түрлі физиологиялық терапия, массаж, сондай-ақ қажет болған жағдайда қан қысымын тұрақ-

ДОНОР СЫЙЛАҒАН ӨМІР

Кардиология орталығында алғаш рет жүрек трансплантациясы жасалды



Естеріңізге сала кетейік, осы айда Алматы қалалық Кардиологиялық орталығы жүрек трансплантациясын жүргізуге уәкілетті медициналық ұйымдардың тізбесіне ресми түрде енгізілген. Туыстарының келісімімен басқа донорлық органдар да

ауыстырылды. Бүйрек Ұлттық хирургия ғылыми орталығына жіберілді: біреуі 15 жастағы науқастың, екіншісі 30 жастағы әйелдің өмірін сақтап қалды. Орталық қалалық клиникалық ауруханада екі қасаң қабық трансплантацияланған.



ҚОЛӨНЕР ДЕ АУРУДЫ ЕМДЕЙДІ

Екіншке қарай, қоғамда есін есірткі алған, ішкілікке салынған адамдар көбеймесе, азаймай отыр. Сөйтіп, өмірін өз қолымен тасталқан ететіндер отбасына да, айналасына да сыйыса алмай, құрдымға бата береді.

Алматыда сондай жандарға көмек қолын созатын, оларды қатарға қосуға барлық күшін, ем-домын жұмсайтын Алматы қалалық Психикалық сауықтыру орталығы жұмыс істейді. Орталық мамандары психобелсенді заттарды тұтынушылардың көбейгеніне алаңдайды. Әсіресе, еңбекке қабілетті 20–40 жастағы ерлер, қыз-келіншектер есірткі, психотропты белсенді заттардың құрсауында шырмалып жүр дейді олар. Алғашында «дәмін ғана көрейін» деп, бір мәрте тұтынғаннан кейін-ақ сол ұнтақтың өмір бақи құлына айналып шыға келгендермен, әрине, жұмыс істеу оңай емес. Бірақ орталық мамандары қол қусырып қарап отырмақ емес.

Алматы қалалық Психикалық сауықтыру орталығында ем алып жүрген ащы суға, есірткі заттарына тәуелді науқастарға биылғы жаздан бері Сергей Катунцев «шеберлік сабағын» өткізген болатын. Ол емделушілерге қолөнерден дәріс оқыды. Нәтиже жақсы. Науқастар зергерлік бұйымдар, қыштан құмыра жасауды, киізден киім тоқуды меңгеріп шықты. Бұл сабақ олардың ойын жүйелеуге, бір арнаға тоғысуына ықпал еткені анық. Яғни еңбек терапиясы олардың психологиялық ахуалын емдеуге әсер еткені, тіпті жаңа кәсіпке қызығушылығын оятқаны да сөзсіз. Кеше олар қолынан шыққан қолөнер бұйымдарын көрмеге қойды, көпшілік назарына ұсынды. Ұстаздары Сергей Катунцевке алғыс айтуды да ұмытпады.

Бетті әзірлеген Нұржамал ӘЛІШ.





ЖАЗЫЛ ДА, ҰТЫП АЛ!

Құрметті оқырмандар!

2026 жылға баспасөзге жазылу науқаны жүріп жатыр. «Almaty aqshamy» газетінің редакциясы газеттің тұрақты жазылушыларын, сондай-ақ жаңа жазылушыларды жыл сайынғы «Жазыл да, ұтып ал!» редакциялық конкурсына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ұтысқа түседі!

Байқауға қалай қатысуға болады?

2026 жылға «Almaty aqshamy» газетіне бір жыл бойына жазылу қажет!

2025 жылдың 25 желтоқсанына дейін жазылу түбіртегінің көшірмесін конвертке «Жазыл да, ұтып ал!» белгісін қойып, редакцияға жолдау керек немесе жазылу түбіртегінің суретін мына WhatsApp-нөміріне 8 707 766 80 00 немесе alatauaqparat@gmail.com электронды мекенжайына жолдау қажет.

Редакция мекенжайы: 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің бұрышы), №21 бөлме, тел.: 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

Ескерту! Міндетті түрде өзінің аты-жөні, мекенжайы, ұялы байланыс немесе қалалық телефоны жазылу керек.

Қай жерде жазылуға болады?

Барлық почта бөлімшелерінде «Казпочта» АҚ, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС жазылуға болады.

Сондай-ақ, онлайн Qazpost.kz қосымшасы арқылы да жазылуға болады.

Қызмет тәулік бойы, 24/7 жұмыс істейді.

2026 ЖЫЛҒА БІР ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

Жеке жазылушылар үшін (жазылу индексі 65503) – 10031,52 теңге.

Жеңілдікпен ҰОС қатысушылар, зейнеткерлер, мүгедектер мен көпбалалы аналар үшін (жазылу индексі 95503) – 7391,52 теңге.

Тек бір жылға жазылған жазылушылар қатысады!

Ұтыс ойынын өткізу бойынша қосымша хабарлаймыз. Ұтыс ойыны «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз байқаушылардың қатысуымен өтеді. Ұтыс ойыны жеңімпаздарының аты-жөндері таяу арадағы газет нөмірінде жарияланатын болады.

Құрметті жазылушылар, сәттілік тілейміз!

Анықтама бойынша: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.



ОБЫР АУРУЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ

Обыр (рак) – түрлі ағзаларда қатерлі ісіктердің пайда болуымен байланысты туындайтын аурулардың тұтас спектрінің жалпы атауы. Соңғы жылдары онкологиялық аурулардың жасару бағытын байқай отырып, әрбір адам үшін алдын ала тексерілу мен үнемі медициналық қаралудан өтіп тұруы қажет.

Обыр ауруының 80–90% жағдайлары қоршаған ортаның себептері деп саналады; қоршаған орта өзінің кең мағынасында әлі де аз зерттелген тамақ өнімдерінен, әлеуметтік және тағы басқа да іс-әрекеттерден құралады. Алдын алуға болатындай обыр ауруының себептері толық анықтала қойған жоқ, дегенмен ауыратындардың жартысына жуығында ондай себептердің барлығына болжам жасалған. Обыр ауруының үлесі: тамақтану сипатының 30–35%-нан, темекі тартатындардың 30%-нан, жұқпалы (вирустық) агенттердің 17%-нан, алкогольдің 4%-нан, қоршаған ортаның ластануының 2%-нан, ауыр тұқым қуалау салдарының 2%-нан тұрады. Осы факторлардың әсерін тұтас қарастыру қажет. Күн сайын алдын алу негіздерін, жалқаулық пен қол тимеудің салдарынан біз өзіміздің денсаулығымызды тәуекелге тігіп жүрміз.

Есте ұстаңыз, ауруды емдеуге қарағанда алдын алу оңай. Қатерлі жаңа өскіндердің даму тәуекелін едәуір төмендету үшін салауатты өмір салты деп аталатын ұғымға енетін қарапайым бірнеше ережені ұстана біліңіз. Темекі тартпаңыз, егер тартып жүрген болсаңыз тоқтатыңыз. Егер сіз темекіні тастай алмай жүрсеңіз, онда тартпайтындыр арасында темекі тартпаңыз. Пасивті темекі тарту активті темекі тарту сияқты зиянды.

Тек қана темекі тарту және оған алкогольдің қосылуы салдарынан болатын ұлтабар, жұтқыншақ және ауыз қуысы обырының үлесі 43%–60% аралығында өзгеріп отырады. Қуықтың, асқазан асты безі және бүйрек, асқазан, жатыр мойны, мұрын қуысы мен миелоидты лейкоз обыры жағдайларының көпшілігі темекі тартумен байланысты болып келеді. Өлім жағдайларының жартысы орташа жаста кездеседі, оған қоса темекі тартындар тартпайтындарға қарағанда өздеріне берілген ғұмырдың 20–25 жылын текке жоғалтады. Қазіргі таңда обыр немесе басқа аурулардың басталуына дейін темекі тартуды тоқтату темекі салдарынан болатын өлім жағдайларынан, орта жастан бастап, тіпті егделеу жаста да қашуға мүмкіндік береді.

Зиянды тағамдарды тұтынбауға тырысыңыз. Канцерогендер (қатерлі жаңа өскіндердің дамуына себеп болатын химиялық заттар) көптеген азық-түліктерде кездеседі, әсіресе майға қуырылған тағамдарда, консервіленген және маринадталған тағамдарда, ұзақ сақталынған азық-түліктерде, ысталған тағамдарда.

Иммунитетті нығайтыңыз. Белсенді болыңыз, күн сайын дене шынықтырумен шұғылдануға тырысыңыз. Егер сіз суық тиіп жиі ауыратын болсаңыз, иммунолог-дәрігер маманына қаралыңыз. Вирустарға тексеріліңіз. Барлық онкологиялық аурулардың 10%-ын вирустар шақыруы мүмкін. Жұқтырып алу мен рақтың дамуы арасында көптеген жылдар өтуі мүмкін, бірақ сіз қоздырғыш вирустың тасымалдаушысы болсаңыз өз денсаулығыңызды үнемі бақылауда ұстап, ауруға бірде-бір мүмкіндік бермеу үшін ол жайында білуіңіз қажет.

Артық күн сәулесін қабылдаудан қашуға тырысыңыз. Тері аурулары рагының басты себебі күн сәулесі, әсіресе, оның ультракүлгін бөлігі болып табылады. Өзіңізге көңіл бөліңіз. Егер сіздің бойыңыздағы мең немесе қалыңыз киініп-шешінгеннен немесе мойныңыздағы алқаңыздың жанасуынан көлемі немесе түсі өзгеретін болса жедел түрде дәрігерге хабарласыңыз. Ондай меңдерді өз уақытында алып тастау арқылы тері рагының тәуекеліне жол бермеуге болады. Өзіңізді бақылау барысында мазаныңызды алып тұрған факторларға назар аударыңыз.

Обыр дамуының алдын алатын және осы аурудан жазылып шығу сенімділігін арттыратын денсаулық сақтау бағдарламалары бар. Скрининг бағдарламаларына қатысыңыз! Скрининг– симптомдары байқалғанға дейін ауруды анықтау мен емдеу.

Бұл шаралар салауатты өмір салты ұғымына кіреді, шын мәнінде, олар онкологиялық аурулардың дамуының алдын алуға ықпал етеді!

Ф.А.КҮЗЕМБАЕВА,
Алматы бөлімшелік көліктегі санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы.

2026 жылғы 1 қаңтардан бастап жаңа Салық кодексі күшіне енеді: қазақстандықтарды қандай өзгерістер күтеді?

2026 жылдың басынан Қазақстанда жаңартылған Салық кодексі іске қосылады. Реформа дерлік барлық бағыттарды қамтиды: корпоративтік табыс салығы, ҚҚС, жеке табыс салығы, мүлік пен жер салықтары, жеңілдіктер, арнайы режимдер және салықтық әкімшілендіру. Жаңартулардың негізгі мақсаты – жүйені жеңілдету, ашықтықты арттыру және бизнес пен азаматтарға көрсетілетін қызмет сапасын жақсарту.

Корпоративтік табыс салығы: жаңа мөлшерлемелер және өзгерген талаптар.

Маңызды өзгерістердің бірі – КТС төлеушілер тізімінің кеңеюі

Алғаш рет білім беру және медицина ұйымдары корпоративтік табыс салығын төлейтін болады. Олар үшін арнайы өтпелі мөлшерлеме енгізілді:

- 2026 жылы – 5%,
- 2027 жылдан – 10%.

Негізгі ставка бұрынғыдай 20% болып қалады. Бірақ жекелеген қызмет түрлеріне басқа мөлшерлемелер қолданылады:

- 25% – банктік қызмет (бизнеске несие беруді қоспағанда) және ойын бизнесі;
- 3% – ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері;
- 6% – ауыл шаруашылық кооперативтері.

Инвестициялық преференциялар кеңейтіледі: кәсіпкерлік нысандарды салу және жабдық-тауға жұмсалған шығындарды шегерімге жатқызуға мүмкіндік беріледі.

ҚҚС: реформалау және төмендетілген мөлшерлемелер

2026 жылдан бастап ҚҚС-тың негізгі ставкасы 16% болады.

Қосымша жеңілдетілген мөлшерлемелер енгізіледі:

- 5% (2026 ж.) және 10% (2027 ж.) – дәрілік заттар, медициналық бұйымдар мен медициналық қызметтерге;
- 10% – отандық мерзімді басылымдарға.

ҚҚС-тан босатылатын жаңа қызмет түрлері:

- ішкі туризм бойынша туоператор қызметтері;
- отандық кітаптарды басып шығару;
- археологиялық жұмыстар.

ҚҚС қайтару тетігі жеңілдетілген бірыңғай тәртіпке көшеді.

Жеке табыс салығы: әлеуметтік шегерімдер және мүлктік табыс

Жеке тұлғаларға арналған салықтық шегерімдер сақталады:

- Базалық шегерім – айына 30 АЕК, жылына 360 АЕК-тен аспайды.
- Әлеуметтік санаттар үшін арнайы шегерімдер нақтыланды (мүгедектік, асыраушы

ата-ана, т.б.).

Жылжымайтын мүлкті сату кезінде салықтан босатудың мерзімі 2 жылға дейін ұзартылды. Талап ету құқығын беру кезінде де жаңа есептеу тәртібі енгізіледі.

Әлеуметтік салық: бірыңғай 6% ставка.

Әлеуметтік салықтың ставкасы 6% мөлшерінде белгіленеді.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерге жеңілдік – 1,8%.

ЖК үшін:

- өзіне – 2 АЕК,
- әр қызметкеріне – 1 АЕК.

Мүлік, жер және көлік салықтары: маңызды өзгерістер

- Мүлік және жер салықтары бойынша ағымдағы төлемдерді есептеу алынып тасталады;

• Налогтық база енді бухгалтерлік есептегі орташа жылдық баланстық құн бойынша анықталады;

- Мүлік кемінде 3 жылда бір рет қайта бағалануы тиіс;
- Пайдаланылмай жатқан ауыл шаруашылығы жерлерінің салығы 40 есе өседі;
- 10 жылдан асқан және 20 жылдан асқан автокөліктерге коэффициенттер енгізіледі (0,7 және 0,5).

Акциздер

2026 жылдан бастап алкоголь, темекі өнімдері, сыра мен шарапқа акциз мөлшерлемелері 10% өседі.

Недропайдаланушылар үшін өзгерістер

Горноруд саласындағы ірі жобаларға:

- 5–10 жыл салықтық жеңілдіктер;
- алтын мен күміске прогрессивті НДПИ;
- уран бойынша жаңа гибридтік әдістеме;
- 2027 жылдан бастап жаңа кен орындарына роялти енгізіледі.

Салықтық тексерулер: жоспарлы тексерулер жойылады

Жоспарлы тексерулердің бәрі тоқтатылады. Барлық хат-хабар, құжат алмасу салық төлеушінің кабинетінде цифрлық форматта жүргізіледі.

Камералдық бақылау енді бұзушылықтарды емес, алшақтықтарды анықтауға бағытталады. Салық төлеушіге қателерді өз бетінше түзету мүмкіндігі беріледі.

Салық есептілігі: қысқарту және автоматтандыру

- Есептілік нысандары 30% қысқарады;
- Жер және мүлік салығы бойынша ағымдағы төлемдер алынып тасталады;
- ҚҚС бойынша және арнайы режимдер үшін алдын ала толтырылған декларациялар енгізіледі;

- Уақытында тапсырылмаған есеп нөлдік декларация ретінде қабылданады – айыппұлсыз.

Тәуекелдерді басқару жүйесі: жаңа тәсіл

Жүйе енді кәсіпорындарды санаттарға бөлмейді.

Мақсаты – салық заңнамасын орындамау тәуекелдерін анықтау, бизнес-процестердегі «тар жерлерді» жою және ерікті түрде орындауды жеңілдету.

Алматы қаласы Түркісіб ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы.

Алматы қаласы Ішкі саясат басқармасының қолдауымен «Заң кеңесі» жобасы аясында мемлекеттік және орыс тілдерінде тегін қызмет көрсететін орталық пен 8 777 890 89 00 «жедел желі» жұмысы іске қосылды. Орталықтың мекенжайы: Алматы қ., Нүсіпбеков к-сі, 32, 1-қабат, 106-кеңсе.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактордың міндетін уақытша атқарушы –
Есхат БОЖАН
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШ

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00–ден 18.00–ге дейін хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:

«Alatau Aqparat» ЖШС.

E-mail:

alatauaqparat@gmail.com

Мекенжайымыз:

Индекс: 050022.

Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады. Нөмірдің таралымы – 13 260 дана (жұма)

Кезекші редактор – Ернұр РЫСБАЙ

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy» -ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-Болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Оффсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.



ТҰСАУКЕСЕР

«МЕНІҢ АҒАЛАРЫМ» —

ұлт мінезін айшықтаған тұлғаларға тағзым

Қазақ руханияты – толқын-толқын буынның, ұрпақтан-ұрпаққа жеткен өр мінездің, даналық пен сабырдың жиынтығы. Сол рухани арнаға тағы бір айтары бар, салмақты еңбек келіп қосылды. Қазақстанның көрнекті мемлекет қайраткері, ғалым, заң ғылымының докторы, тарих ғылымының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының академигі Мұхтар Құл-Мұхаммедтің «Атамұра» баспасынан жарық көрген «Менің ағаларым» атты эсселер жинағы көпшілік оқырманға жол тартты.

Руханиятымыздың қазыналы шаңырағы Ұлттық кітапханада өткен кітаптың тұсаукесеріне елге белгілі зиялы қауым өкілдері, әдебиетшілер, саясаткерлер, жас ғалымдар қатысты.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Рая
ЕСКЕНДІР

Бұл кітап қайраткер Мұхтар Құл-Мұхаммедтің жеке естеліктері ғана емес, тұтас бір дәуірдің, қазақтың интеллектуалдық әлемінің көркем әрі деректі шежіресі. Өйткені, автор еңбегінде көзі көрген, бірге жүрген ағаларына деген сағынышын, кейіпкерілері болған құрметті ағаларының бейнесін көркемдікпен, ғылыми дәлдікпен жеткізген. Кітаптағы әр «аға» – бір тарау, бір тағдыр; ал әр тарау – бір мектеп, бір дәуір. Жинаққа кейінгі жиырма жыл ішінде жазылып, жұрттың ыстық ықыласына ие болған халқымыздың аса көрнекті мемлекет және қоғам, ғылым мен мәдениет қайраткерлері туралы таңдаулы эсселері енгізілген.

Тұсаукесер тізгінін ұстаған ақын Бауыржан Жақып еңбектің елеулі айшықтары жөнінде былай деді:

– «Менің ағаларым» – жылдар бойы жиналған зерттеулерге, үлкен архивтердің деректеріне негізделген еңбек. Мұнда көпшілікке таныс тұлғалардың бағаланбай қалған азаматтық қадамдары, беймәлім қырлары, қайсарлығы жан-жақты сипатталады. Он бес тұлғаның қазақты әлемге таныту жолындағы еңбегі, «Өлімнен ұят күшті» деген ұстанымы осы кітаптың өзегіне айналған. Өмір өзен секілді, «толқыннан толқын туады». Біз танып жүрміз деген ағаларымыздың қаншама қырлары беймәлім болып келгенін осы кітапты оқығанда ғана сезіндік, – деп атап өтті.

Ал өз кезегінде еңбектің авторы Мұхтар Аббарұлы «Менің ағаларым» кітабының 20 жыл бойы жазылған, өзінің ширек ғасырлық өмір жолында зерделеген еңбегі екеніне тоқталды:

– Бүгін мен үшін ерекше тарихи күн. Соңғы жиырма бес жыл бойы өмірім мәдениетке, ақпаратқа, кітап жазу ісіне арналды. 2001 жылы мені Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрілігіне тағайындады. Ол кезде бұл құрылым алты министрліктің басын біріктірген үлкен ведомство болатын. Көпшілік мені талай кітап шығарған шығар деп ойлауы мүмкін, бірақ осы жиырма бес жылда бірде-бір жеке кітабым шықпаған екен. Дегенмен, жазғанымды тоқтатқан жоқпын. Әсіресе, қызметтен босаған кезеңдерде бар күшімді қаламға жұмсадым. Соның нәтижесінде бүгінгі еңбек дүниеге келді. Бұл – жиырма бес жыл ішіндегі алғашқы кітабым, әрі осы уақыт бойынша үздіксіз жазылып келген кітап, – деді автор.

Еңбек авторының айтуынша, кітапқа енгізілген эсселердің алды 2005 жылы жарық көрген және өзгеріссіз енгізілген. Себебі, автордың пайымынша, ондағы кейіпкерлер қазіргі қоғамдық-саяси оқиғалармен қатыссыз, еңбектері уақыт сүзгісінен өткен тұлғалар. Ал кітаптың атауына қатысты түсіндіргенде:

– Кітаптағы әр эссе араласып, қасында жүріп, көзбен көрген адамдар

жайында. Шығыс жақта кейде әкеге «аға» деп атайтын әдет бар. Мен де әкемді өмір бойы «аға» деп атадым. Сол сияқты, бұл кісілер де мен үшін әкедей қадірлі тұлғалар еді. Төлеген Шарманов, Салық Зиманов, Рақымжан Қошқарбаев сияқты ағалардың барлығы – менің рухани ұстаздарым. Бұл жинақтағы эсселердің атауын мозаика секілді құрастырсаңыз, «Қазақ қандай халық?» деген сұраққа жауап шығады. Қазақтың батыр, еңбекқор, парасатты халық екенін мифтік кейіпкерлерден емес, Қасым Қайсенов, Рақымжан Қошқарбаев секілді ағаларымыздың өмірінен де көруге болады. Қысқасы, бұл кітап мен үшін әкемдей болған ағаларымның рухына арналған тағзым, – деді Мұхтар Құл-Мұхаммед.

Кітапта Манаш Қозыбаевтың өнегелі ұстаздық жолы, Рақымжан Қошқарбаевтың бертінге дейін құпия болып келген ерлік іздері, Салық Зимановтың ғылыми күресі сан қырынан баяндалған. Соған қоса, Ұлттық Ғылым академиясының президенті, Лениндік сыйлықтың лауреаты Шаһмардан Есенов, академиктер Рымғали Нұрғали, Төрегелді Шарманов, Өмірбек Жолдасбеков, Зейнолла Қабдолов, профессор Темірбек Қожакеев туралы толғаныстар да терең толғаныстармен жеткізілген. «Менің ағаларым» кітабы айтулы қоғам қайраткерлері Камал Смайыловтың, Қалтай Мұхамеджановтың, Шот-Аман

Уәлиханның ғибратты ғұмырларын да өз ішіне қамтыған. Автор еңбегінде «Асылзада» эссесімен өмірінің алғашқы ұстазы, биікке баулыған әкесі Аббар Әкетайұлына да қаламмен ескерткіш сомдаған.

Сөзінің соңын Мұхтар Құл-Мұхаммед:

– Менің ағаларым маған өмірдің қалай күрделі болатынын, қандай шешім дұрыс болатынын, елге қызмет етудің қандай болатынын үйретті. Елі үшін еңбек еткен ағалардың өмірі ұмытылмауы тиіс. Өйткені, аға буын кеткенде тарихтың бір парағы жабылады. Ал оны жазып қалдыру – менің борышым. Бұл кітап – менің сол ағаларыма қаламмен қойған ескерткішім, – деп түйін деді.

XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басындағы қазақтың айтулы он бес тұлғасын қамтыған «Менің ағаларым» кітабы – ұлт руханиятына қосылған құнды еңбек. Тұсаукесерге қатысқан зиялы қауым өкілдері бұл туынды аға буын туралы жазуда байқалған олқылықтың орнын толтырып, рухани сабақтастықты қайта жалғағанын атап өтті. «Менің ағаларым» – елге еңбегі сіңген тұлғаларды жаңа буынға жақындатып, жоғалып бара жатқан рухани дәстүрді жаңғыртатын шығарма. Тілі шұрайлы, ойы терең бұл кітапты бір адамның емес, тұтас ұлттың жүрекжарды естелігі деуге болады.

КАРИКАТУРА



Карикатураны салған Ғалым СМАҒУЛҰЛЫ.